ЖАС ҚАЗАҚ

№39
(611)
30
қыркүйек
2016 жыл

ISSN 2074-899X

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ЖАНАЙҚАЙ

ҚАСҚЫР ДА ҚАСТЫҚ ҚЫЛМАС ЖОЛДАСЫНА

Баяғыда деп ертегі айтайын деп отырған жоқпын, кеңес заманында мынадай бір нақыл сөз бар еді: «Адам – адамға дос, жолдас және бауыр!» Кім айтса да, тауып айтқан екен. Бірақ бүгінде мұның мәні өзгеріп кетті, енді: «Адам – адамға дұшпан» деуге аз қалдық. Ашынғанда, айбарланғанда ауыздан шыққан ащы сөз деп білерсіз... Әйтпесе, көпке топырақ шашайын деген олпы-солпы ой ойымда жоқ.

(Жалғасы 4-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ғалым ШОЙКИН:

Заңсыз уағызшылар әшкереленуі тиіс

Еліміздегі дін саласындағы ахуал қазіргі уақытта күрделеніп отыр. Экстремизм мен терроризм қаупі, салафизм идеологиясы, түрмедегі діни жағдай, мешітте орысша уағыз оқу секілді түйткілді мәселе бүгін көпшілікті толғандыратыны рас. Ендеше, жаңадан құрылған дін істері және азаматтық қоғам министрлігі елдегі діни ахуалды реттеу әрі тұрақтылықты сақтау үшін қандай пәрменді шешім қабылдамақ? Мұны біз министрліктің дін істері комитетінің төрағасы Ғалым Шойкиннен сұрап білдік.

Жас қазақ: Бүгінде Парламентте экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жаңа заң жобасы талқыланып жатқаны белгілі. Осы құжатта дін мәселесіне қатысты қандай өзгерістер бар?

Ғалым Шойкин: Бұл заң жобасында негізінен экстремизмге және терроризмге қарсы күрес және оның алдын алуға бағытталған шаралар қарастырылған. Біз дін саласындағы мемлекеттік саясат бойынша тұжырымдама дайындаймыз. Соған сәйкес, бірқатар заңға өзгеріс енгізетін боламыз. Ал қазіргі заң жобасында тек кейбір мәселелер ғана қамтылған. Бұл ұсыныстар өз кезегінде діни экстремизмнің алдын алуға ықпал ететіні сөзсіз.

Біршама тарқатып айтар болсақ, мәселен, діни туризм деген ұғымға заңда түсінік беру қажет. Оның тәртібін дін істері және азаматтық қоғам министрлігі және туризммен айналысатын инвестициялар және даму министрлігі бекітетін болады. Өйткені, бүгінгі күні үлкен қажылық сапарын ұйымдастыру мәселесі реттелсе де, үмре, яғни кіші қажылық назардан тыс қалып отыр. Қажылық сапарымен Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы айналысса, үмреге туристік фирмалар өз бетінше апарады. Яғни бұл кіші қажылық қадағаланбайды деген сөз. Үлкен қажылықта бұл мәселе шешілген. Ниет еткендерді имамдар бастап апарып, басқа ағым өкілдерінің уағыз жүргізуіне жол бермейді.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ

Ольга Рыпакова 2008 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдесін алады. Бұл туралы Халықаралық жеңіл атлеттер қауымдастығы хабарлады. Бейжіңдегі Олимпиадада үш қарғып секіруде қола жүлде грекиялық Хризопия Деветциге бұйырған. Алайда оның допинг сынамасын қайта тексеру кезінде қан құрамынан тыйым салынған препарат табылды.

Астаналық 200 маман Ақтөбе облысында әлеуметтік аудит жүргізеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың мамандары аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселесін шешуге атсалыспақ.

Қоқыстан электр қуаты өндіріледі. Оралға Финляндиядан келген инвесторлар қазір қала іргесіндегі тұрмыстық қалдық полигонын зерттеуге кірісті. Осыған дейін қоқыстың құрамында 65-70 пайызға дейін метан газы болатыны дәлелденген.

БІР АНЫҒЫ

Дәулет ЕРҒОЖИН, *қаржы министрлігі мемлекеттік кіріс комитетінің төрағасы:*

«Алматыда отырған бір компания өзінің жылдық табысын 273 мың теңге деп көрсеткен. Ал шын мәнінде, оның айналымы 100 млн теңге болған. Сонда не ол? Қайырымдылықпен айналыса ма? Біздің мамандарымыз 64 күн отырып, келген, кеткен тауарды өздері тіркеп отырды. Осы тексеруден кейін оның табысы 630 пайызға артты. Оған ешкім айыппұл салған жоқ. Тек ескерту ғана жасалды. Сол сияқты балық импортымен айналысатын бір компания бір жылдың ішінде 737 млн теңгенің тауарын әкелді. Ал өз табысын 2 миллион деп көрсетті. Ол да қайырымдылық па? Сол жерде де 64 күн отырдық. Олардың өз табысын 256 пайызға төмендетіп көрсеткені анықталды»

(Сенатта өткен жиында сөйлеген сөзінен)

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Нанобөлшек өсіреді

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кіші ғылыми қызметкері Ерболат Әбутәліпұлының кез келген заттың қатты, сұйық және будан кейінгі төртінші күйі саналатын плазманы зерттегеніне биыл сегізінші жыл. Ол осы саланың қыр-сырына әбден қаныққан.

(Толығырақ 8-бетте)

ТЕАТР

Күз келсе, табиғаттың осынау ғажап мезгілімен бірге еліміздің театрларының томағасын сыпырып, өнер бәйгесінде бақ сынауға аттанысар қызық пен қуаныш, толқыныс пен қорқыныш сезімі қатар арпалысқан тынымсыз кезеңі де қатар келер шақ.

Қалың қалай

(Толығырақ 9-бетте)

АРУ АНА

Жайсаң

Егер Қазақ елінде ән мәтінін жазу бойынша рекордтар кітабын жасар болса көш басында қатарластарынан оқ бойы озып, ақын Бәкір Тәжібаев тұрар еді.

(Толығырақ 10-бетте)

7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Билік

СЕНІМДІ СЕРІКТЕС



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Сингапурдың Құрметті аға министрі, Парламент мүшесі Го Чок Тонгпен кездесті.

Кездесуде экономиканың түрлі саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың мәселелері жан-жақты талқыланды. Елбасы Сингапурдың инновация, технология және қаржы салаларындағы тәжірибесі аса бағалы екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Тәуелсіздіктің 25 жылында біз Сингапурмен тығыз қарым-қатынас жүргізіп келеміз және сіздердің елдеріңізді әрдайым өзіндік бағдар ретінде бағалаймыз. Сингапур қала-мемлекет екеніне қарамастан, әлемнің көптеген елдері үшін дамудың тиімді үлгісі бола білді. Біздің мемлекет құрудағы жолдарымыз көп жағдайда ұқсас. Осыған байланысты түрлі бағдарламалар мен стратегиялар әзірлеу және іске асыру барысында сіздің елдің тәжірибесін мұқият зерделеп отырамыз», – деді.

Го Чок Тонг Қазақстанға шақырғаны және көрсеткен қонақжайлылығы үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғыс білдірді.

Го Чок Тонг «Мен сіздің елде алғаш рет болып отырмын және оның даму қарқынына тәнтімін. Елдеріміздің арасында тығыз серіктестік байланыс орнағанына қуаныштымын. Қазір Қазақстан мен Сингапур арасындағы ынтымақтастықтың барлық басты бағыттары айқындалған» – деді.

Соңында Елбасы мен Го Чок Тонг елдеріміз арасындағы екіжақты қарым-қатынастың одан әрі нығая бермек.

(Сингапур тәжірибесі туралы толығырақ 5-беттен оқи аласыздар)

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Ғалым ШОЙКИН:

Заңсыз уағызшылар әшкереленуі тиіс

Ал үмреге аттанған азаматтарымыздың әртүрлі жат ағымдардың арбауына түсу қаупі жоғары. Біздің ойымызша, кіші қажылықты да ҚМДБ ұйымдастыруы керек. Заңда «Діни рәсімдермен ресми тіркелген діни ұйымдар ғана айналысады» – деп жазылған. Бұл дұрыс. Сондықтан біз қажылық пен үмрені діни рәсім ретінде қарауды ұсындық. Бұдан бөлек, заң жобасында миссионерлік мәселелерін реттейтін түзетулер бар. Әртүрлі ағым өкілдерінің тіркеуден өтпей, елімізде уағызын жүргізуіне жол берілмейді.

Жас қазақ: Осы күндері елімізде салафизм ағымына қатысты түрлі пікірлер айтылып жүр. Бұл идеологияға тыйым салу ұсынылды. Осы мәселе бойынша министрліктің ұстанымы қандай?

Ғалым Шойкин: Жалпы, қандай да бір діни ағымға тыйым салу заң шеңберінде емес, сот шешімімен қабылданады. Бүгінгі күнге дейін елімізде 23 террористік және экстремистік ұйымға сот шешімімен тыйым салынған. Біздің министрлік өз тарапынан діни экстремизмнің алдын алуға көбірек көңіл бөлмекші. Әсіресе, заңсыз уағызшыларды әшкерелеуге күш саламыз.Сондай-ақ заңсыз таралатын әдебиетке тосқауыл қойып, сот шешімімен тыйым салу жұмысын жалғастырамыз. Жат пиғылды діни ағымдардың интернеттегі ақпарат көздеріне тосқауыл қою да аса өзекті.

Жалпы, салафизмге тыйым салу мәселесіне келетін болсақ, бұған қатысты қоғамда алуан түрлі пікір бар. Мұны қолдайтындар да, жақтамайтындар да баршылық. Сайып келгенде, қазіргі таңдағы маңызды мәселе жастарымыздың жат ағымдардың жетегінде кетуі болып отырған жоқ па? Біз сондықтан түсіндіру жұмысын жүйелі жүргізіп, жас ұрпақты дұрыс жолға салуға күш салғанымыз жөн деп есептеймін. Яғни бұл мәселеде адасқан азаматтардың қоғамға қайта оралуына көмектесу басты орында болу керек.

Жас қазақ: Жаңа бір сөзіңізде, дін саласындағы мемлекеттік саясат туралы тұжырымда әзірленетінін айттыңыз. Осы құжатқа толығырақ тоқталсаңыз...

Ғалым Шойкин: Жаңа тұжырымдамада дін саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттары айқындалады. Қай саланы алсақ та, мемлекеттік реттеу болуы керек. Ол бар. Зайырлылық, діни экстремизм және тағы басқа мәселелерге қатысты мемлекеттің ұстанымы бекітіліп, болашақта «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға өзгерістер енгізіледі. Дін – идеологиялық сала ғой. Тиісінше, идеологиялық құжат керек. Сондықтан осы тұжырымдаманы әзірлейміз. Қазір жұмыс тобы құрылып жатыр. Оған әртүрлі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді. Әрине, қоғамның пікірі де міндетті түрде ескеріледі. Жалпы, жаңа тұжырымдама мемлекеттік мүддені қорғауға, қоғамдағы тұрақтылықты, бейбітшілікті сақтауға септігін тигізеді деген ойдамыз.

Жас қазақ: Әңгімемізді түрмедегі діни ахуалға ойыстырсақ. Терроризм және экстремизм баптары бойынша сотталған адамдармен жұмыс қалай жүргізіледі?

Ғалым Шойкин: Қолға алып жатқан мәселенің бірі осы. Әсіресе, соңғы жылдары көптеген шара өткізілді. 2014 жылы «Ақниет» республикалық оңалту орталығы ашылды. Содан бері 300-дей сотталған адам өзінің теріс діни көзқарасын өзгертті. Сондай-ақ ішкі істер министрлігі 2014 жылдан бастап осы баптар бойынша жазасын өтеп жатқандарды бөлек камерада оқшаулау жұмысын қолға алды. Олар қазір өзге сотталушылардан бөлек отырады. Осыған қоса, былтырдан бастап ҚМДБ әр түрмеге имам бекітті. Ал елімізде болған соңғы терактілерге қатысқандар жақында емес, ертеректе түрмеден шыққан адамдар. Жүйелі жұмыс соңғы екі-үш жылдың ішінде қолға алынды.

Жас қазақ: Мешітте қосымша орысша уағыз оқу мәселесі қазір қоғамда өте қызу талқыланып жатыр. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына осындай ұсыныс жасауға не себеп болды?

Ғалым Шойкин: Біздің Комитетке келіп түсетін көп хаттарда осы мәселе көтеріледі. Олардың әркайсысын мұқият қарауға міндеттіміз. Расында, осындай проблема бар. Қазақша діни тілді түсінбейтіндер мешіттен алмаған ілімді басқа дереккөзден іздейді. Ал ғаламторда деструктивтік мазмұндағы ақпарат жетіп артылады. Қазақша білмейтін, имамдардың оқыған уағызын түсінбейтіндердің жат ағымдарға өтіп кетіп жатқанын көріп отырмыз. Осындай факті көп. Енді бұл мәселені көре тұра көз жұмуға болмайды. Оны шешу жолын іздеу қажет. Біле тұра үнсіз қалсақ, ертең не болады? Қазақша түсінбейтін жастарымыз теріс ағымдардың арбауына түсіп, радикал экстремист, террорист болып жатса, кімнен сұраймыз?! Біз өз ұсынысымызды Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына жеткіздік. Көпұлтты елді мекендерде, жекелеген мешіттерде халықтан осындай өтініш түсіп жатса, соны жамағатпен бірлесе талқылап, олар қарсы болмаса, имамдар уағызды қазақша өткізген соң, 5-10 минут қосымша орысша түсіндіруге болады. Осыны кейбіреулер саясиландыруға тырысып жатыр. Ислам дінін тек қазақтар ғана емес, басқа ұлттар да ұстанады. Олардың бәрі қазақ тілін және діни тілді жете білмеуі мүмкін. Әрі имам неғұрлым көп тіл білсе, өзіне жақсы емес пе?

Қайталап айтамын, біз тек қана ұсыныс жасадық. Заңға сәйкес, біз діни ұйымдарға ұсыныс айта аламыз. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы халықтың пікірін ескере отырып, шешімді өзі қабылдайды.

Сұхбаттасқан Айымгүл МҰРАТҚЫЗЫ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

10,6

млн теңге. Алматыда халықты алдаған 70-тен астам кәсіпорынға салынған айыппұл көлемі

41

млн теңге. Елімізде өткен қайырымдылық марафонынан жиналған қаржы

1

миллионға жуық отандасымыз Атажұртқа оралды

Ескерту

Қос-қостан баспана берілмейді

Енді үкіметтен арзан пәтер алу үшін кезекте тұрғандардың барлығы жаппай тексеруден өтпек. Өйткені, мемлекеттен жеңілдетілген пайызбен шаршы метр алғысы келетіндердің саны тым көбейіп кеткен.

Яғни кейбір пысықайлар қос-қостан баспана алу үшін бірнеше қалаға кезекке тұруды әдетке айналдырған. Сөйтіп, пәтерді туыстарының атына тіркетіп, мемлекеттен алған үйін жалға беріп табыс табады. Енді мұндай қулардың әрекетіне заңмен тыйым салынып, пәтер тек мұқтаж жандарға беріледі. Алдымен, елімізде мемлекеттік бағдарлама бойынша үй алуға кезекке тұрғандардың жеке басына қатысты барлық мәлімет жіті тексерілмек. Егер баспанасы болса, кезегі келген күннің өзінде пәтер жоқ-жітік шаңырақтарға берілуі тиіс.

Тәркіленген мүліктің тағдыры

Тәркіленген нысан бірінші кезекте мемлекеттік органдарға ұсынылады. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ басқарма төрағасы Жанасыл Оспанов мәлімдеді.

Оның айтуынша, мемлекеттік органдар бюджеттік қаржыны шығындамай, тәркіленген автокөлікті пайдаланса болады. Егерде олар ұсынылған көлікке қызығушылық танытпаса, электрондық саудаға шығарылады. Ал темір «тұлпар» құны нарық бағасына сай белгіленеді. Мәселен, осы аптада Талғат Ермегияевтің тәркіленген Lexus LX 570 және Mercedes-Benz S 500 көлігі сатылымға шығарылды.

Сөз-жебе

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
Жазушылар одағының төрағасы:

«Балаларымыз «Абай жолының» авторы кім екенін білмейді. Бұл күлетін нәрсе емес. Қазір кітап оқу деген қалып бара жатыр. Кітап оқымайтын қоғамның ақыры қайда баратынын Таяу Шығыста болып жатқан оқиғалардан білеміз. Соңғы жылдары басқа елдермен салыстырғанда, біздің елде кітап шығару ісі мүлдем үзіліп қалған жоқ. 2 мың тиражбен шығатын кітап 2 мың кітапханаға жете ме, жетпей ме?!».

«Жас қазақтың» сауалы

ЖАУАБЫ

– Мәдениет туралы заңға өзерістер мен толықтырулар туралы заң жобасын талқылағанда елімізге келетін барлық фильмді қазақ тіліне аудару қажет» – деген мәселе көтердіңіз. Алайда кейбір әріптестеріңіз бұл ұсынысыңызды қолдамады. Осыған қандай уәж айтасыз?

Нұртай СӘБИЛИЯНОВ,
Мәжіліс депутаты:

– 2012 жылы шыққан заң бойынша елімізге келетін барлық фильмдер қазақ тіліне аударылуы керек болатын. Жасыратыны жоқ, бұл жұмыс бір жерде жақсы қолға алынғанымен, екінші жерде жүзеге аспай жатыр. Бірақ заң шыққаннан кейін міндетті түрде орындалуы керек. Менің ойымша, біздің елге келетін кез келген фильм қазақ тілінде аударылу керек. Себебі елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып саналады. Сондықтан да әріптестерімнің «шетелдік киноларды іріктеп алып аударма жасау керек» деген уәжіне келіспеймін. Өйткені, заңда міндеттеу болмайтын болса, оны ешкімде орындамайды. Мәселен, елімізге шетелден 100 фильм келетін болса, оның небәрі 30 ғана аударылуы мүмкін. Ал қалған 70 фильмнің ішінде қазақ тілінде аударылуы тиіс кинолар болуы мүмкін. Сондықтан да 2012 жылы қабылдаған заңды өзгертудің ешқандай қажеті жоқ деп есептеймін.

NARYQ
www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Форум

Осымен 15-ші рет өткізіліп отырған «Европа-Азия. Шекарасыз ынтымақтастық» көрмесі Қазақстан мен Ресей өңірлік интеграцияны тереңдету жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Екіжақты ынтымақтастықты дамытудағы тұрақты оң үрдіс біздің елімізде бизнесті дамыту үшін кең мүмкіндікі ашады.

«Aktobe Invest-2016» халықаралық инвестициялық форумының қатысушылары XV Қазақстан-Ресей халықаралық өнеркәсіп көрмесін аралады. Қоныс спорт сарайында осы аптада болып өткен үлкен көрменің ұйымдастырушысы Ақтөбе облысының әкімдігі, Орынбор облысының әкімшісі және Ақтөбе облысының кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы. Көрменің мақсаты Ресей мен Қазақстан өңірлері арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық, қоғамдық ынтымақтастықты дамыту, Ақтөбе мен Орынбор облыстары арасындағы қатынасты нығайту, бірлескен бизнес жобаларды, сауда-экономикалық және инвестициялық қатынастарды дамыту, бірыңғай экономикалық кеңістік шарттарындағы шекарасыз ынтымақтастықтың шешілмеген мәселесін бақылау.



Бизнеске БАСТАР ЖОЛ

– Көрші мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен достық байланыстарды кеңейтуде Қазақстан-Ресей өнеркәсіп көрмесі айтарлықтай үлес қосып келеді. Мұндай іс-шара отандық және ресейлік кәсіпорындар өнімін ілгерлету үшін және шекаралас өңірлердің инновациялық, инвестициялық, туристік әлеуетін тиісті деңгейде таныстыруға тамаша мүмкіндік, – деді Бердібек Сапарбаев көрме жұмысының ашылу сәтінде.

Халықаралық көрме жұмысына екі елдің 22 қаласы мен аудандарынан 140-тан астам төмендегідей бағыт бойынша кәсіпорындар қатысуда: машина жасау, аспап жасау, мұнай-газ өнеркәсібі, энергия және ресурсты үнемдеу, құрылыс индустриясы, арнайы техника, автокөліктер, ауыл шаруашылығы, химиялық, жеңіл, тамақ және жиһаз өнеркәсібі, халықтық қолданыс тауары, киім және т.б. салаладағы қызмет.

Отандық кәсіпорындар өз өнімін таныстырды. Көрменің іскерлік сипаты Ақтөбе және Орынбор облыстарының сауда-экономикалық маңызы бар мәселені талқылауға бағытталған әртүрлі семинардан, дөңгелек үстелден және таныстыру рәсімінен тұрады.

Шара аясында Ақтөбе мен Орынбордың жетекші клиникаларында емделудің жаңа технологиясы мен мүмкіндігі, ауыл шаруашылық саласындағы шекаралық ынтымақтастық мәселесі сөз етілетін дөңгелек үстел өткізілді.

Дәстүрге айналған форумға үкіметтің және квазимемлекеттік сектордың, халықаралық қаржы институтының өкілдері, Францияның, Иран Ислам Республикасының, Кувейт мемлекетінің еліміздегі

өкілетті елшілері, сонымен қатар Ресей, Қытай, Түркия, Польша, Словакия, Голландия және өзге де елдерден келген барлығы 500-ден астам адам қатысты.

Форумға қатысушылар мұнай өндіру, газ өңдеу, химия, сонымен қатар қара және түрлі-түсті металлургия сияқты инвестицияны қажет ететін облыстың басым салаларындағы келешекті жобаларымен танысуға мүмкіндік алды. Бірнеше лед экранда облыстың инвестициялық және транзиттік әлеуеті, Ақтөбенің индустриалды-аграрлық аймағы, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобасы, медициналық кластердің дамуы туралы бейнеролик көрсетілді. Ақтөбе облысының әкімі өз сөзінде бизнестің дамуы, мемлекеттердің, жеке секторлардың және сарапшы қоғамдастықтардың ынтымақтастығының дамуын талқылайтын форумға қатысқандары үшін алғысын білдірді.

– Бұл форум Тәуелсіздіктің 25 жыл аясында өтуде. Осы жылдардың ішінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен біз көптеген жетістікке жетіп, экономиканың ары қарайғы дамуына берік негіз қаладық», – деді облыс әкімі инвестфорум жұмысының ашылу сәтінде.

Соңғы бес жыл ішінде облысқа 12,6 млрд доллар инвестиция тартылса, оның 36 пайызы шетелдік инвестицияның үлесінде. Жалпы, бес жылдың қорытындысы бойынша Ақтөбе облысы өңірлер арасынан шетелдік инвестицияны тартуда екінші орында. Аймақта шетелдік капиталдың қатысуымен 700-ден астам кәсіпорын табысты жұмыс жасап, дамып келеді. Облыста соңғы 6 жылда 3,8 млрд доллар сомаға 80 жоба индустриялық-

инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырылып, 7,4 мың тұрақты жұмыс орны құрылды.

Бердібек Сапарбаев өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және құрылыс материалдары өндірісінде облыс шетелдік инвесторлармен ынтымақтастық жасауға мүдделі екенін атап өтті.

Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Альберт Рау «Мұндай үлкен өкілдік өңірге деген жалпы тұтастай алғанда республикаға деген қызығушылықты көрсетеді», – деді

Ал Орынбор облысының губернаторы Юрий Берг «Біздің тату көршілік қарым-қатынасымыз – бизнеске арналған ең үздік негіз», – деді.

Расымен де, қазіргі таңда өңірде жүзден аса бірлескен, қазақ-орыс кәсіпорны жұмыс жасайды. Оның саны жылдан-жылға артып келеді.

Айта кетейік, жыл сайын өтетін экономикалық басқосуға әлемнің 27 елінен келген делегаттар қатысты. Ақтөбеге барлығы 500-ден астам қонақ келді.

«Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кеңесі» қауымдастығы басқармасының төрағасы Ульф Вокурка «Бұл түпкі нәтижеге жұмыс істейтін қазақстандық та, сондай-ақ шетелдік те кез келген бизнес үшін басымдық. Ақтөбе облысының орналасуы қазақстандық қана емес, сондай-ақ Ресейдің сібір, оңтүстік және еуропалық бөлігі үшін де қызмет көрсетудің тамаша алаңы екендігін білдіреді. Сондай-ақ кең ауқымда алғанда, бұл аймақ — Қытай мен Еуропа арасындағы дәліз. Егер Ақтөбе облысында өз бөлімшесін құратын болса, бұл Қытай үшін де, Ресей нарығы үшін де тірек бола алар еді», – деп санайды.

Бұл пікірмен Нидерланды елінен келген әлеуетті инвесторлар да келіседі.

Инвестициялық форум қарсаңында Ақтөбеге 9 голландтық ауыл шаруашылығы компаниясынан тұратын делегация келді. Олар ауыл шаруашылығы саласында еңбек ететін жергілікті кәсіпкерлермен кездесті.

– Голландтық кәсіпкерлер Ақтөбені неғұрлым тартымды орын деп есептейді. Ресей шекарасына жақын орналасу экспорт мүмкіндігін елеулі түрде кеңейтеді. Мен Ақтөбеге келген алғашқы сапарымда индустриалды аймақта болдым және осында қалыптасқан инфрақұрылымға тәнті болдым. Сіздерде мұнда өте көп мүмкіндік бар, – деп атап көрсетті журналистермен әңгімелесу барысында Алматыдағы голландтық экономикалық офистің басшысы Вилко Роггенкамп.

Облыс әкімінің баспасөз қызметінен хабарлағандай, жыл сайынғы экономикалық конференцияның мақсаты – экономикаға тартылған инвестиция сомасын көбейту. Ақтөбе облысы, шекаралас өңірлер, шетелдік инвесторлар және халықаралық қаржы институттарының, бизнес өкілдерінің өзара тиімді ынтымақтастығын арттыру.

Форум барысында Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев және Орынбор облысының губернаторы Юрий Берг өздері басқарып отырған өңірлер арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру бойынша шаралар жоспарына қол қойды. Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек пен Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгінов Ақтөбе облысы мен өңіраралық кооперацияны дамытуға ниетті. Жалпы алғанда, инвестфорум аясында құны 67,5 млрд теңгені құрайтын 16 меморандум мен келісімге қол қойылды.

Атап айтқанда, Ақтөбе облысының әкімдігі, «GasProcessingCompany» ЖШС және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ газды кешенді дайындау мен оған газ құбырларын тарту бойынша зауыт салу жобасын жүзеге асыруға ниетті.

Бұл жоба жер қойнауын пайдаланушылар өндіретін ілеспе газды тиімді пайдалануға, өңірдің көгілдір отынмен қамтылуын арттыруға және облыстың экологиясын жақсартуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Сонымен қатар Ақтөбе «индустриалды аймағының» шекарасында салынатын «А» сыныпты логистикалық орталықтың құрылысы бойынша меморандумға қол қойылды. Логистикалық орталық батыс облыстардағы ірі сауда компаниялары қойма өнімдерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ өнеркәсіптік аймағында орналасқан кәсіпорындар үшін сақтау қызметтерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қойманың алғашқы алаңы 10 мың шаршы метрден басталып, одан әрі ұлғайтылады.

Ақтөбе қаласында құны 2,2 млрд теңге болатын аквапрак және

Мәртөк ауданының Сарыжар ауылында «А» класты кемпингі бар ауыл шаруашылық өнімдерінің көліктік-логистикалық орталығының құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыру туралы меморандумға қол қойылды. Логистикалық орталықтың қуаттылығы 76 мың тонна көкөніс пен жеміс-жидек және 38 мың тонна ет өнімін сақтауға бағытталған.

Жас кәсіпкерлерді қолдау, ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті және ішкі туризмді дамыту үшін өңірлік іс-шараларды нығайту – инвестициялық форумның тағы бір жетістігі болмақ. Облыс әкімдігі және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ осы мақсат үшін 1 млрд астам теңге бөлу туралы келісімге келді.

Ақтөбе облысының инвестициялық әлеуетін одан әрі арттыру мақсатында жергілікті билік осы саладағы ең тиімді және қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, геологиялық барлауды жандандыруға ниетті. Осыған сәйкес, «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ меморандумға қол қойылды.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе облысы

Тіршілік нәрі

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс бабындағы сапармен Ақмола облысында болды. Елбасы сапары аясында Қазақстан Тәуелсіздігімен құрдас «Көкшетау минералды сулары» акционерлік қоғамында жаңа инновациялық желі іске қосылды.

Көкшедегі кезекті ІРГЕЛІ ЖОБА

Өткен жылы қолға алынған бұл жобаға 3,7 миллиард теңге қаржы жұмсалған және көптеген жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туған. Жаңа өндірістік желі алкогольсіз сусын дайындаудың барлық айналымында кластерлік жүйемен жұмыс істейді. Сусынды дайындап, өздері жасаған құтыларға құйып, тұтынушыға дайын өнімді үздіксіз жеткізеді. Мұнда германиялық ең соңғы үлгідегі құрылғылар орнатылған. Жұмыстың бәрі автоматтандырылып, компьютерлік бағдарламамен басқарылады. Осылайша, Көкше өңіріндегі іргелі кәсіпорынның өндірісін кеңейтетін тағы бір жаңа жоба жұмысқа кірісті. Осының нәтижесінде өндіріс қуаты артып, жаңа табыс арнасы ашылды деуге болады. Қала құраушы кәсіпорын бюджет қоржынын толықтыру арқылы әлеуметтік саланың дамуына сүбелі үлес қосатыны белгілі.

Еліміз тәуелсіздігін алған 1991 жылы құрылған кәсіпорында бүгінде 100-ге тарта өнім түрі шығарылады. Оның ішінде соңғы 15 жыл бойы «Тұран» брендімен («TURAN») Ресей Федерациясына минералды сулар мен алкогольсіз сусындар тұрақты түрде жеткізіліп келеді. Бұл кәсіпорынның өнім түрін көбейтуге, сапалық көрсеткішті жақсартуға ұмтылдыратыны анық. Зауыт шығарған табиғи таза сусынды еліміздің барлық өңірінен кездестіруге болады және тұтынушылар тарапынан жақсы бағасын алғанын айтуымыз керек. Қазіргі күні кәсіпорында экологиялық таза аймақтардан бутилденген табиғи минералды су шығару бойынша Оңтүстік-Шығыс Азиядағы халықаралық маңызы бар ең үздік инновациялық отандық кәсіпорынды құруға арналған жаһандық жаңғырту басталды. 2020 жылға дейін табиғи минералды суды жылына 400 миллион литрге дейін жеткізуге мүмкіндік беретін өндірістік қуатты арттыру жоспарланған.

Акционерлік қоғам президенті Мұрат Ахметовтың айтуынша, кәсіпорын жұмыс істеген уақыттан бері бюджетке 50 миллиард теңгеге жуық салық төленген. Оған осында жұмыс істейтін 1 мыңға жуық жұмысшының қосып отырған үлесі зор. Ынтымақты ұжым ел мерейін еселеу жолында екпінді істерімен таныла беретіні анық.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Жанайқай

Қасқыр да қастық қылмас жолдасына

(Басы 1-бетте)

Бақытты өмір сүріп жатырмыз дегенімізбен, қасқыр адамдар, қанішер адамдар арамызда жүр. Оларда ұлт, тек, аяушылық атымен жоқ. Тек көзі қанталап, біреудің маңдай терімен тапқан дүниесін тартып алуды көздейді. Бұл жантүршігерлік оқиғамен аяқталып жатады.

Соның бірі – күні кеше Алматы облысындағы Ұзынағашта болған қанды оқиға. Қазақ аңқау... Қазақ аққөңіл. Қасына келген қанішерді әр сөзінен, лыпылдауынан, тым көп уәде бергіштігінен, тез саудаласа салуынан қан иісін аңғармайды... Талдықорған қаласына жақын маңдағы Көксу ауданының 3 тұрғыны Алматы жақтағы Ұзынағаш базарында мал сатамыз, сөйтіп, нәпақамызды айырамыз, бала-шағамызды асыраймыз деп келгенде, із-түзсіз жоғалып, соңында құмға көмілген сүйегі жататынын біліп пе? Ағайындылар құтырған қанішерлердің ішкі сіңірленген сезімінен күдіктенсе, 41 бас малды «тез сатып ала қойған». Сөйтіп, ауылдағы қорама дейін жеткізіп беріңдер, ақшасын сосын беремін деген сылдыр сөзіне сенер ме еді? Қазақ қазақты қанға бөктірмес деген ой түбіне де сүңгімеді ғой. Бауырларындай сенді. Бауырларындай қабылдап, көлігімен артынан ерді... 4-5 жылдан бері мал саудасын кәсіп еткен 1979 жылы туған Жарқынбек Долданұлы, 1973 жылғы Мұқият Зарлыханұлы мен Әлімхан Қадылбек есімді тепсе темір үзетін жігіттер Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданынан 41 бас мал сатып алып, оны екі жүк көлігімен Ұзынағаш базарына шығарғанда, қасында қанішерлердің жүргенін қайдан білсін? Артында аңырап аналары, балдан тәтті балалары, бір күнде шашы ағарып кеткен әкелері, туған-туыстары қаларын кім білген? Ағайындылардың екеуінің басынан атып, бірінің жүрек тұсынан шүріппе басқан қанішерлердің бұл әрекетін басқаша «сүйрей» жөнелгендер де табылып жатыр. «Несін айтасың, оралмандарды әдейі қырып жатыр!» деген сөзді сүттей ұйыған тірлігімізге, бірлігімізге әлдекімдердің іріткі салып жатқан зымиян ойы деп қабылдайық.

Мұндай қайғылы оқиға осымен ғана шектелді деп ойлайсыз ба? Күн парақтарын кері айналдырсаңыз, небір сұмдық оқиға көз алдыңызға тізбектеліп өте шығады. Мұндай оқиға жұртты дүрліктірмей қоймайды. Жамбыл облысында үйлену тойы өткен күннің ертеңінде жас жігіттің мәйіті табылғаны қоғамда наразылық тудырды емес пе? 25 жастағы Ерік Төреқұловтың жұмбақ өлімі жұрттың жағасын ұстатты. Достарымен Қарақыстақ су электр стансасының тыйым салынған жерінде көңіл көтеріп жүргенде, күзетші ескерту жасаған. Сосын шу шыққан соң, полицейлер алып кеткен. Алайда бөлімшеге жетпеген жас жігіттің мәйіті ауруханада жатты...

Біздің Шымкентте мынадай оқиға болған. Бір тұрғынның сейфінен 35 мың доллар ұрланады. Артынша, ақша иесі полиция бөлімшесіне 40 мың долларымды ұрлап кетті» деп арызданады. «Қызықты» қараңыз, ертеңіне бір полицей келіп тұр дейді: «Кешіріңіз, сіздің ұрланған ақшаңыз 35 мың доллар емес пе еді?» Ол қайдан білді сейфтегі ақшаның 35 мың доллар екенін? Көрдіңіз бе, алаяқ, ақша құмар, қылмыскерлермен бірігіп «бизнес» жасап, тіпті формасын құрметтемейтіндер де арамызда, тіпті қасымызда жүр. Енді деректерді сөйлетейік. Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметі бойынша 2014 жылы 341 291 қылмыс тіркелген. Екі жыл ішінде бұл көрсеткіштің екі есеге өскені даусыз! Ал оның ішінде жекеменшікке қарсы жасалған қылмыстардың үлес салмағы өте жоғары – 81,5 пайызды құрайды. Мұның түп-төркіні неде жатыр? Ойланып көрейік. Елдегі жұмыссыздық жастарды да, жасамысты да, кәмелетке толмағандарды да қылмыс әлеміне сүйреп келеді. Мұны мойындайық. Тоқ адам тойып секірсе, аш адам аш қасқырдай секіреді. Ұзынағаштағы қанды оқиғаның «белсенділері» мекеме қызметкерлері немесе қара жұмысшылар емес шығар? Бір ғана мысал, Оңтүстік Қазақстан облысының статистика департаментінің мәліметінің бойынша 70 мыңға жуық адам екі қолға бір күрек таба алмай жүр. Бұл тіркелгені. Одан да көп болуы мүмкін. Сондықтан, жұмыссыздар қылмысқа қымсынбай барып, кейбірі ауыр қылмыс жасап жүр...

Адамдар түнде тәтті түс көреді. Таңертең болашақ күндеріне иек артып, қаперсіз оянады. Қу тіршілік қамымен жолға шығады... Ал алдында ажал күтіп тұрғанынан мүлде бейхабар-ау... Өйткені, қасында қанішер жүр... Абай бол. Сақтансаң, сақтаймын деген.

Өкініш өзегіңді өртейді. Қазақ қазаққа қол көтерді. «Қасқыр да қастық қылмас жолдасына» деуші еді атам қазақ.

Мұхтар ШЕРІМ,
журналист

АПТАНЫҢ САУАЛЫ

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр:

«Бізге белгілі болғандай, Алматы облысында қазір күдіктілер ұсталған, тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Бұл іс халықты толғандырып отырғандықтан, бізге нақты дерек беруіңізді сұраймын»

ЖАУАБЫ

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ,
ішкі істер министрі:

«21 қыркүйекте біз жоғалған жігіттерге тиесілі екі жүк көлігінің бірін таптық. Осы екі көлікпен олар 41 бас малды базарға алып барған. Ал 23 қыркүйекте екінші жүк көлігі табылды. Тергеу барысында белгілі болғаны, жергілікті тұрғындар осы екі көліктің жүргізушілеріне лайға тығылып қалғанда көмектескен екен. Сол куәгерлерден сұрау барысында күдіктілердің де кім екені анықталып, ұсталды. Қазіргі таңда күдіктілердің екеуі де ұсталып, олардан қарулары тәркіленіп алынды. Тергеу амалдары жүріп жатыр»

Жүйрік пойыз

СЫНАҚТАН мүдірмей өтуде

Еліміздегі машина жасау саласының сәтті дамып келе жатқандығының жарқын бір мысалы – өзімізде шығарылатын «Тұлпар-Тальго» вагондары. Олардың түп атасы Испаниядағы Patentes Talgo компаниясының тұрақты және ауыспалы электр тоғымен жұмыс істейтін жүйрік пойыз құрамы екендігі белгілі.

Қазіргі күні Patentes Talgo вагондары Испанияның өзімен қатар Өзбекстан, Қазақстан, Ресей және Беларусь елдерінде жүйткіп жүр. Әр ел оған өзінше ат берген. Мәселен, ресейліктер «Стриж» деп атаса, Өзбекстанда мұндай пойыз «Афросиаб» деген атқа ие болған. Ал отандастарымыз оны «Тұлпар-Тальго» атағандығы белгілі.

Осы арада бір айта кететін мәселе, Ресей, Беларусь, Өзбекстан елдері осындай жылжымалы құрамды Испаниядағы компаниядан сатып алып пайдаланылатын болса, Қазақстан мұндай вагондарды соңғы жылдары өзі шығара бастады. Бұл істі «Қазақстан темір жолы» АҚ қолға алып, сәтті жүзеге асырды. Атап айтсақ, 2011 жылы Астанада осы вагондарды шығаратын зауыт салынды. Бұл жаңа технологиялы өндірістің құрылысы испандық Patentes Talgo компаниясымен бірлесіп жүргізіліп, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асты. Жаңа зауыт қазірдің өзінде 400-ден астам вагонды шығарып үлгерді. Соның нәтижесінде мұндай вагондар еліміздің әрбір өңіріне қатынайтын болды. Сондықтан «Тұлпар-Тальгоның» қызметін қазір отандастарымыз түгелдей пайдалана бастады десек, шындықтан алшақ кете қоймаймыз.

Бүгінде «Тұлпар-Тальго» вагондарының жаңа түрі шығарылып, ол вагондардың Бетпақдала өңірінде сынақтан өткізіліп жатыр. Сынақ Қарағанды облысының Мойынты және Киік стансаларының арасында жүргізілуде.

Аталған мақсат үшін вагондардың 8 түрін сертификаттауға әзірлеуге келісім жасалынған. Сынақтан өткізу жұмысын теміржол көліктерін сертификаттаудың еліміздегі орталығы жүзеге асыруда.

Айта кетейік, мұның алдында вагон қораптарының беріктігі Германияның Лейпциг қаласындағы IFFEngineering&Consulting орталығында сынақтан өткізіліп, теміржол көлігі қауіпсіздігінің барлық нормативіне сәйкес келетіндігі анықталған болатын.

Маусым айында вагондардың жылу, желдеткіш және ауа баптағыш жүйелерінің тиісті өлшемдерге сәйкестігі Австрияның Вена қаласындағы RTARailTecArsenal орталығында сынақтан өткізілді. Мұнда да оң қорытынды алынды.

Үстіміздегі жылдың шілде айында динамикалық сынақтан өткізуге 29 вагоннан тұратын екі құрам жіберілді. Қазіргі күні құрамдардың бірінің тежегіш жүйелеріне алдын ала сынақ жұмыстары жүргізілді. Екінші құрамның шағын және орта радиустегі қисық жолдардан өткен кездегі қозғалу қабілеті мен сипаты тексерілді. Осы екі жұмыс бойынша да оң баға берілді.

Енді бұл вагондардың жоғарыда айтылған өзіндік ерекшеліктеріне келейік. Бірінші кезекте, вагондардың барлық түрлерінің интерьерлік дизайнына өзгерістер енгізілген. Соның нәтижесінде «Турист» вагондарының отыруға арналған орындықтары бар мүлдем жаңа түрі әзірленді. Вагондардың бизнес-кластық әрбір купесі жуынғышпен және шағын үстелшемен жабдықталған. Гранд-класс вагондары барлық қолайлылық қажеттіліктерімен қамтылған. Мүгедектер мәселесі де ескерілген. Оларға арналған купелердің есіктері екі жаққа жылжып ашылады.

Оның үстіне «Тұлпар-Тальгоның» барлық жаңа вагондарының ені 25 сантиметрге, ал биіктігі 22,4 сантиметрге кеңейтіле түсті. Санитарлық тораптар бұрынғыға қарағанда 1,8 есе кеңейтілді. Сондай-ақ ұйықтауға арналған орындар да кеңейтілді. Вагондардың дәлізі бұрынғыға қарағанда 10 сантиметрге кеңейе түсті.

Бізге келіп түскен деректер бойынша биылғы жылдың өзінде жұртшылықтың пайдалануына дәл осындай 149 вагон тапсырылатын болады. Осының негізінде «Астана-Алматы» және «Алматы-Шымкент» бағыттары бойынша жаңа вагондармен қамтылған жаңа пойыздар жолға шығады. Сөйтіп, осы бағыттағы «Тұлпар-Тальго» пойызының қатынауы күніне екі рет ұйымдастырылмақ. Ал қазіргі күні елімізде «Тұлпар-Тальго» пойыздары қатынайтын 12 бағыт жұмыс істеуде. Бұл бағыттар еліміздің барлық облыс орталықтарымен байланыстырады.

Руслан ДОСТАЕВ

Алаң

«Атамекенге» көбірек сенеді

Ұлттық экономика министрлігі мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы екі түрлі сөйлейді. Нақтырақ айтсақ, осы екеуінің индустриалдық аймақтар бойынша мәліметі бір-біріне қайшы.

ҚР ҰКП НПП РК АТАМЕКЕН

Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Астанада өткен жиында үкімет мүшелеріне емес, «Атамекенге» көбірек сенетінін мәлімдеді. Ол «Мен өзіміздің адамдарға қарағанда «Атамекенге» көбірек сенемін. Олардың *(үкімет мүшелері. – ред.)* бояу қосып, шындыққа сәйкес келмейтін мәлімет бергені қажет емес. Біз көбіне өңірлердегі және министрлік аппаратындағы әріптестеріміз ұсынатын мәліметтерді пайдаланып жүрміз» – деді.

Сын

Балабақша үшін сөз естіді

Атырау облысында 2014 жылдан бері бірде-бір балабақша пайдалануға берілмеген. Сондай-ақ осы өңірде екі мектептің құрылысы аяқталмай тұр.

Бұл туралы үкімет отырысында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев хабарлады. Ол осы облыстағы әлеуметтік нысандардың құрылысына байланысты өңір басшысы Нұрлан Ноғаевты сынға алды.

Б.Сағынтаев: «Үш жыл бойы балабақша құрылысы бітпей жатса, не бақылау жоқ, не бақылауға ынта жоқ. Сондықтан басқа көзқараспен қарауыңызды сұраймын», – деп талап етті.

Жәдігер

Батырдың бас сүйегі елге қайтарылады

Санкт-Петербордағы кунсткамерада ұзақ жылдар сақталып келген Кейкі батырдың бас сүйегі жақын арада елге қайтарылады. Бұл туралы мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлы хабарлады. Оның айтуынша, батырдың бас сүйегіне қатысты құжат Қазақстанға тапсырылады.

А.Мұхамедиұлы Ресей батырдың басын жай бере салмай, ресми түрде іс-шара өткізіп тапсырғысы келетінін жеткізді. Айта кету керек, Кейкі батырдың бас сүйегі Санкт-Петербордағы кунсткамерада ұзақ жылдар бойы жатқан еді.

COMMENT
ЖҚ 5
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Brend

Тәуелсіздігін 1965 жылы алған ел 90-жылдардың басында-ақ әлемнің қаржысын өзіне тартудан оқ бойы озық болған. Сол көрсеткішті әлі де қолдан жіберген емес. Сапарымыз кезінде Ли Куан Ю атындағы қоғамдық саяси мектебіндегі семинарға қатысып, әрі қаржы саласы, инвестиция тарту органдарындағы белді азаматтармен кездескен біз сол кездесулерден кейінгі ойларымызбен бөлісуді жөн санадық.

Қыркүйектің орта шеніне таман «Астана» Халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) бір топ қызметкері болып, Сингапур Республикасына тәжірибе алмасуға бардық. Сингапур – қала-мемлекет, арал-мемлекет. Сонымен қатар ол Азиядағы ғана емес, әлемдегі аса ірі қаржылық хаб. Бізді қызықтырғаны – минералды байлық, қаржылық ресурстан құралақан кішігірім ғана Оңтүстік-Шығыс Азиядағы мемлекеттің, аумағы Алматыдан сәл-ақ үлкен қаланың әлемдік қаржы орталығына айналуы.

Тәжірибе алмасуға ТАПТЫРМАЙТЫН ЕЛ

Қайрат КЕЛІМБЕТОВ, *«Астана» Халықаралық Қаржы орталығының Басқарушысы:*

Қазір әлемдік қаржы орталықтарында АХҚО-ны таныстыру жұмыстарымен, болашақ серіктестерді таңдаумен, олармен арадағы қарым-қатынасымызды нақтылаумен айналысып жатырмыз.

Сингапурға барған сапарымыз да осы елдегі ірі қаржылық хабпен арадағы әрі қарайғы бірлескен жұмыстарымызды талқылау, әлемдегі аса ірі қаржылық хаб болып есептелетін Сингапурдың Қор биржасымен келіссөздер жүргізу, осы елдің тәжірбиесінен сабақ алу және ірі бизнес өкілдерін біздің елдегі қолға алынғалы жатқан Жекешелендіру Бағдарламасына шақырумен байланысты болды. Сингапурлықтар Еуразия аймағында құрылған, ағылшын заңнамасы бойынша жұмыс істейтін біздің қаржылық орталыққа қызығып, аса байыппен қарап отыр.

Бізді қаржы саласы қызықтырғандықтан әрі Сингапурдың мықты қаржы орталығы екенін ескерсек, Сингапур ғажайыбын қаржы саласының тұрғысынан қарастырайық.

Бүгінде Сингапурдағы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 12 пайыздық үлесін қаржы саласы қамтамасыз етеді. Елде 200 мыңнан астам қаржы саласының мамандары жұмыс істейді, оның басым бөлігі шетелдіктер, демек, қаржы саласындағы мықты мамандарды өзіне тарта білген. Құны 1 трлн АҚШ долларынан асатын активтерді басқаратын 500 басқарушы компания мен аса ірі 190 сақтандырушы компаниясына ел өз есігін ашқан.

Сингапур қаржы саласының майталмандарынан «Сингапурдың қаржы хабына айналғанына не түрткі болды, қандай да бір қозғаушы күш болуы тиіс қой?» деп сұраймыз. Мәселен, «Астана» Халықаралық қаржы орталығын құруға елдің экономикасын әртараптандыруға деген ұмтылыс себеп болды. Әрі аймақтағы ағылшын құқығы негізінде жұмыс істейтін бірегей орталық екендігі де болашақ хаб болуының алғышарты: Еуразия аймағында әлі ондай орталық құрылған жоқ.

Сингапурлықтардың жауабы сыпайы. «Бұл – табиғи факторлардың әсері, орналасқан аумағы ұтымды, қаржылық хабқа айналмай тұрып-ақ, сауда орталығы болған жер», – дейді Дональд Лоу, Ли Куан Ю мектебінің профессоры, Сингапурдың қаржы билігінде біраз жыл қызмет атқарған азамат. «Сонымен қатар, әрине, мемлекет өзінің бәсекеге қабілетті артықшылықтарын пайдалана білді», – деп қосып қояды.

Мәселен, Сингапур Қор биржасы – әлемдегі ең мықты қор биржаларының бірі. Елдің уақыт белдеуі оның сәтті қаржы орталығы болуына ықпал еткен. АҚШ қор биржалары жабылып жатқан сәтте, ал Еуропа қаржы нарықтары әлі ашылмай отырған сәтті Сингапур өзінің орнын белгілейді.

Бұл, талассыз, Сингапурдың қаржылық орталық болуына әсер еткен табиғи, өзіндік себептер. Географиялық жағдайы да табиғи сауда орталығы атануына қолайлы. Қаржы орталығын құруға ұтымды алғышарттары болған. Бірақ, бұл арада назар аударатын жайт: егер мәселе тек географиялық жағдайымен шектелсе, онда көршілерінің де осы мүмкіндікті пайдалануына әбден

болар еді ғой. Бірақ, Азияның негізгі қаржы орталығы – Сингапур. Дәл сол аймақтағы дамушы елдердің арасындағы *(аймақтағы Австралияны есепке алмаймыз)* дамыған ел тек ғана – Сингапур. ЖІӨ адам басына шаққанда 50 мың АҚШ долларынан асады. Тіпті АҚШ, Еуропа елдерінен бір адым алда тұр. Ал көршілеріндегі бұл көрсеткіш 10-12 мың АҚШ доллары аралығында.

Тәуелсіздік алған 60-жылдардан кезінен бері ЖІӨ тек ғана өсімді көрсетіп келеді, ал көршілес, ресурстары да мүмкіндіктері де, аумағы да мол мемлекеттер ондай өсімге ие болмаған.

Сингапур экономикалық қауымдастығының вице-президенті, профессор Йео Лам Кионг сыпайы ғана «Сингапур – сәтті ел» деп айтады. Алайда бұл қарапайым сөздің сыртында елдің экономикалық билігінің орасан еңбегі тұр. Мемлекет құрушылар ел тәуелсіздігін алған бетте арал артықшылықтарының қандай екендігін біліп қана қоймай, соған басты назар аударып, әрі қарай дамытуға ықылас қойған. Демек, мемлекеттің пайда болуынан бастап-ақ, негізін құраушылар оны таза бизнес-план жүйесі бойынша қалыптастырған.

Яғни қаржы саласын негізгі артықшылықтарының бірі екенін түйсінген бетте осы бағыттағы маңызды қадамдарын жасап бастаған. Сингапурдың Ұлттық банкінің, қадағалаушы реттеушінің және қаржы орталығының функциялары бір орган – ақша-несие басқармасының қарамағында.

Сингапур жылдар бойы қаржы саласын өте қатаң тәртіп аясында ұстап келген.

Тәуекел мен қатердің алдын алу жүйесін өте мықты қалыптастырған. Сингапур қаржы саласының мүшесі атануға ниет танытқан қаржы институттары сүзгіден өтікізілетін болған. Шетелдің кей алпауыт банктері қаншама қаржылық орталықтарында сәтті жұміс істегенімен, Сингапур қаржы билігінен лицензия ала алмаған мысалдары баршылық. Демек, бұл арада қаржылық тәртіп алдыңғы орынға қойылған. Соңғы 50 жылда әлем қанша қаржы дағдарыстарын бастан өткерсе де, Сингапурға олардың ешқайсысы анау айтқандай әсер етпеген. Тіпті «Азия жолбарыстарының» қарқынын тежеген 1998 жылғы дағдарыс, 2008 жылғы әлемдік дағдарыс, қазіргі созылыңқы дағдарыс – бұлардың Сингапурға әсері титімдей. Сингапурлықтар, бірақ әлемдік технологиялардың барынша тез дамитынын, әлемдік қаржы институттарының да бір орында тұрып қалмайтынын ескеріп, соңғы жылдары қаржы саласына либерализация жасау жолында.

АХҚО басқарушысы Қ.Келімбетов премьер-министрдің орынбасары Тхарман Шанмугаратнаммен бірге

Халықаралық қаржы мәселелеріне маманданған экономика профессоры Рамкишен Раджан – қаржының ағыны, несиенің дүмпуі және қаржылық реттеушінің барынша жұмсақ позициясын дағдарыстың негізгі хабаршылары деп атайды. 2008 жылғы қаржы дағдарысы кезінде осы үш хабаршының да ақпараттандыру бойынша біздің аймақтағы өз рөлдерін өте жақсы атқарғаны белгілі.

Ли Куан мектебі деканы Кишор Махбубани Сингапурдың қарқынды дамуының құпиясын үш сөзге біріктіріпті: Меритократия, прагматизм және адалдық.

Сингапур экономикалық даму агенттігі *(Сингапурдың жоспарлау мен стратегияларын іске асыру жөніндегі Үкіметтің органы, жаһандық бизнес-орталық ретінде елдің позициясын нығайтуға арналған ведомствосы)* төрағасы Бе Суан Джин ел тәжірибесінің сәтті болуын «биліктің Сингапурды өмір сүруге қолайлы мемлекет етуге» деген талпынысымен байланыстырады. Жақсы жұмыс орындарын құру, оның Сингапур экономикасының артуына серпін беретіндей болуын қамтамасыз ету де сол рецептінің ішінде.

Сингапурдың жетістігі сол – әлемдегі ең мықты деген жетістіктерді өз экономикасына бейімдейді. Әр идеяның, техниканың, әдістің Сингапурға шаққандағы әсерінің қандай болатынын зерттеп, оны енгізумен айналысады, демек, енгізілген шешімдері – эксперимент емес, әбден сүзгіден өткізілген, ақылды шешімдер. Болуы мүмкін қателіктерді алдын ала зерттеп, содан басын аулақ салуы да сингапурлық ноу-хау.

Сингапурдың уақытты оздырып алмайтын, барынша прагматикалық ел екендігін осы елдің премьер-министрінің *(Сингапурдың негізін салушы премьері Ли Куан Юдың ұлы)* орынбасары Тхарман Шанмугаратнамның мына сөздері айғақ бола алады: Сингапурдағы бар нәрсенің титімдей бөлігі ғана Сингапурда ойлап табылған. Біздің негізгі ұстанымымызды – «Әлемдегі мықты, үздіктерден ал» деген сөзбен жеткізуге болатын шығар. Жаңа технология, жаңа идея, өте сәтті жұмыс істейтін кез келген әдіс – бұлардың барлығын Сингапурда сүзгіден өткізіп, оны онан бетер жандандыра түсеміз, сонымен қатар орын алған қателіктерді болдырмауға тырысамыз».

Елді қаржылық орталыққа мамандандырып бастаған сәттен-ақ, кадрларды тәрбиелеуді басты мақсат еткен. Өз кадрларын өсіру мақсатында білім ордаларын, қаржылық, экономика, басқару саласына бағытталған оқу орындарын құрып бастаған. Тағы бір қызықты ақпарат – 2008 жылы әлемдік қаржы алпауыттарының тізесін бүктірген қаржы дағдарысы Сингапурға келетін экспаттар нөпірін арттырған. Қаржы саласындағы адами ресурстарын молайтқан. Шындығында да, Сингапурдың білімді, талантты экспаттарға есігі ашық екені байқалды.

Сингапурдың дамуына тағы бір жанама әсер еткен жайтты сингапурлық біз кездескен ғалымдар Гонконгпен байланыстырады. Екі қаладағы ұқсастықтар да баршылық: екі қаланың да халқының басым бөлігі қытайлықтар, халқы тығыз орналасқан, қала айтарлықтай кең емес, табиғи ресурстар жоқтың қасы. Алайда осы қалалардың арасындағы бәсекелестік – қаржы рыногіне деген «талас», тікелей инвестицияны тартуға деген екі қаланың да аса мықты ұмтылысы, қаржы орталығын құруға деген екі қаланың да мықты ынтасы, адам ресурстарын, мықты кәсіби қаржыгерлерді тартуға деген ықыласы, салықты барынша ыңғайлы етуге деген құлшынысы екі қаланы да бейқамдықтан ада, барынша тас-түйін, бір сөзбен айтқанда, бір-бірінен бәсекеге қабілеттірек болуға талпындырған.

Ли Куан Ю мектебіндегі ғалымдар Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің мысалына назар аудартады. Ол елдердің ауқатты топтары көбінесе жылжымайтын мүлік нарығындағы операциялар, тұтынушылық несиелеу, тауар саудасына көбірек көңіл бөлген. Өндіріс – басым бағытқа ие емес. Қатерді алдын ала зерттеуге үйренген сингапурлықтар жылжымайтын мүлік нарығы, тұтынушылық несиелеу, қаржы спекуляциясы салаларын – қауіпті, ескеруге тиіс салалар деп біледі.

Сингапурдың сәтті болуына, бәлкім, аралдың 70 пайыздан астам халқының этникалық қытайлардан тұратыны да әсер етсе керек. Олардың еңбекқорлық, тәртіп сынды қасиеттері экономикалық ғажайыпқа өз әсерін тигізді деп сенгіміз келеді.

Қысқаша қорытындылағанда, Сингапурдың сәттілігіне – оның табиғи, географиялық жағдайы ғана емес, сонымен қатар билігінің ел мүмкіндіктерін барынша пайдалануы, жоқтан бар жасауға деген ұмтылысы, адами капиталға мол көңіл бөлуі, кез келген идеяны мемлекеттің дамуына сай пайдалануы, ең маңыздысы, мемлекеттің мықты болуына деген жанашырлығы мен жанқияр еңбегі әсер еткен. Бұл жаңадан құрылған мемлекеттер үшін ғана емес, қандай да бір істі бастайтын сала үшін аса қажет-ақ рецепттер.

Гүлнар МҰҚАНОВА,
Астана-Сингапур

Қазақстанның табиғи минералды суы: ПАЙДАЛЫ әрі ҚОЛЖЕТІМДІ

Қазақстанда құрамы жағынан бірегей табиғи минералды су көптеп кездеседі. Мұндай су қасиеті жағынан әлемге әйгілі Перье, Витель, Боржоми және Эвианнан кем түспейді. Тек импорттық өнімге қарағанда бағасы еліміздегі әрбір тұрғынына қолайлы.

Табиғаты жанға жайлы, экологиясы таза Бурабай өңіріндегі «Бұқпа» кенішінде өндірілетін TURAN табиғи минералды суы еліміздің бас курортологы, академик Б.Әбдікәрімовтің аузынан өзінің танымал тарихи атауын да алып үлгерді. “TURAN”. Темір дәуірінде қазіргі Қазақстан орналасқан аумақ осылай аталған. TURAN суы күнделікті тұтынуға арналған ауыз су. Су құрамында тәулік бойы адам ағзасына қажетті барлық пайдалы зат пен мен минералдар бар.

TURAN суын шығарушы, Қазақстандағы Asia Waters халықаралық холдингі бақылау кеңесінің төрағасы Шалқар Нұртілеуов біздің басылымға тіршілік нәрі туралы былай деді: «2016 жылдың басынан бері біз ауыз су мәселесі жөнінде отандастарымыз арасында ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізіп келеміз. Сапалы табиғи ауыз суының денсаулыққа қаншалықты маңызды екенін жеткізуге күш саламыз. Сондай-ақ TURAN табиғи минералды суының бағасы тұрғындардың бәріне қолжетімді болғанын қалаймыз. Сонымен қатар журналистер мен еліміздегі басылымдардан су туралы ақпарат таратуда бізге қолдау көрсетуін сұраймыз: Өйткені, бұл халықтың денсаулығы тұрғысынан аса маңызды».

Біздің басылым Asia Waters бастамасын қолдайды. Осыған орай, Алматы тұрғындарының TURAN суы туралы ой-пікірін сұрадық.

Валерия Анциборенко, Екатерина Губер, Анастасия Бабенко, *«Линия огня» балеті:*

– Біздің жұмысымыз өзімізге қатты ұнайды. Өйткені, адамдардың көңілін көтереміз. Бұл, әрине, оңай жұмыс емес. Ширақ әрі көп қимылды қажет етеді. Ал TURAN суы бізге көмектеседі. Бұл судың табиғи деп бекер аталмағаны көрініп тұр. Біз адамдарға қуаныш сыйласақ, бұл су бізге күш береді.

Дмитрий Белинский, *кәсіпкер:*

– Иә, мен талапшыл адаммын. Су мәселесіне келгенде де өз талабым бар. Денсаулыққа пайдалы әрі шипалы болғаны маңызды. Сондай-ақ артық төлегің де келмейді. Міне, сондықтан мен TURAN суын сатып аламын. Осы су көңілімнен шығады.

Рано Даудова, *әкімші:*

– TURAN суын Бурабай кен орнынан алатынын білемін. Ол жер маған жұмақ тәрізді. Сол себепті, сол жерде жиі демаламын. Ол жердің экологиясы қандай тамаша! Бәрі тап-таза, табиғаты да керемет! Ал бұл су сол жерден шығатындықтан аса пайдалы, экологиялық жағынан таза. Сондықтан осы суды ішемін.

Татьяна Асташкина,
медицина өкілі:

– TURAN суы маған қатты ұнайды. Дәмі өте жұмсақ. Осындай суды «тірі» су дейді. Ішкен сайын күш-қуатың арта бередіі. Шөлің де қанады. Сондықтан, осы суды аламын.

Шавела Андре, *кәсіпкер:*

– Күнделікті жұмысым бастан асады. Кездесуге жиі барамын. Ал суды жолда ішемін. TURAN суының заттаңбасын көріп, кеніштің 103 метр тереңдікте орналасқанын оқыдым. Бұл дегеніміз – су таза әрі табиғи. Енді осы суды көбірек сатып аламын.

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz



Туризм

ЭКСПО–2017: БУРАБАЙ ДАЙЫН

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуде Щучинск-Бурабай курортты аймағы қонақтарды қарсы алатын маңызды нысанға айналады. Осыған орай Ақмола облысы туризм басқармасының басшысы Шынарбек Батырханов ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысушыларды қабылдап, қызмет көрсету үшін жасалып жатқан жаңа туристік бағыттар мен экскурсиялық бағдарламалар жайлы айтып берді.

Облыста демалыс индустриясы мен туризм экономиканың басымды саласының бірі болып саналады. Өңірдің туристік кластеріне туризм саласының 800-ден астам кәсіпорны кіреді. Оның ішінде 12 мың кереуеттік шипажай-курорттық және мейманхана ұйымдары, жол бойындағы сервистің 420 субъектісі, туристік қызмет көрсетуге құқық беретін лицензиясы бар 68 туристік фирма жұмыс істейді. Мәдени-тарихи сегмент кластеріне 900 ескерткіш ұсынылған. Туризмді дамытудың басымды бағыттарына экологиялық, мәдени танымдық, емдеу-сауықтыру, іскерлік, спорттық және тағы басқа бағыттар жатады. Бүгінгі таңда барлық туризм түрлері облыстың дамуы үшін жұмыс істейді. Оны өңірдің туроператорлары жүзеге асырған 80 туристік бағыттан көруге болады.

Ш.Батырханов «Бүгінгі таңда инвестициялар және даму министрлігіне 2017-2019 жылдары Щучинск-Бурабай курортты аймағын дамыту жоспарының жобасы ұсынылды. Курортты аймақты дамыту бойынша мемлекет пен облыстық әкімдік қолға алған нақты шаралардың бірі – барлық инженерлік коммуникациясы мен транспорттық логистикасы бар алаң дайындау болып табылады. Келешекте алаңға туристік инфрақұрылымның нысандары салынады. Бұл мемлекет басшысының тапсырмасы аясында халықаралық деңгейдегі туристік орталық құруға бағытталған. Жыл сайын курорттық аймақта туристік инфрақұрылымның жаңа нысандары пайдалануға беріледі», – дейді. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында туристерді орналастыру нысанының саны өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 6,1 пайызға артқан. 4843 нөмірлік жаңа нысандар өз жұмысын бастады. Жалпы, 56 мыңнан астам адамға қызмет көрсетілді. Курорттық аймақта 2017 жылдың соңына дейін дем алушыларды орналастыру үшін қосымша 900 керуерттік орынды іске қосу жоспарланған. Курорттық өңірдің сыйымдылығын кеңейту жазғы маусымда 500 мыңға жуық туристі қабылдауға мүмкіндік береді.

Шаңғымен секіру кешені мен биатлон алаңы бар республикалық шаңғы базасының құрылысы аяқталуға таяу. Нысан жоғары класты спорт шеберлері мен көрермен ретінде көптеген туристі тартатын, әлемдік деңгейдегі халықаралық жарыстар өткізетін орталыққа айналады. Демалушыларға электромобиль, шағын электр пойызды, велосипед және желкенді қайық тәрізді экологиялық таза көлік түрлері мен экскурсиялық бағдарламалар ұсынылады. Бурабайда алғаш рет «Атамекен» этноауылы түріндегі этнографиялық орталық ашылды. Мұнда туристер көшпенділер мәдениетімен және қазақ халқының өткен тарихымен таныса алады.

«Туризм. Сауықтыру. Саяхат» өңірлік туристік жәрмеңке, «Фламинго», ұлттық дастарқан, бүркітші, желкенді қайық тәрізді өзге де туристік шараларды өткізу дәстүрге айналды. Ойын-сауық кешендерін ашу және көрсетілетін қызмет аясын кеңейту жөніндегі жобалардың бәрі туристерді курорттық аймаққа тартудың жаңа әдісі болып табылатындығын айтады, – туризм басқармасының басшысы.

Щучинск-Бурабай курорттық аймағының антропогендік ауыртпашылығы есепке алынып, жоғары туристік әлеуеті бар өзге аумақтар игерілуде. Бұл аумақтарға туристік қызметті дамыту үшін зор мүмкіндігі бар Аққөл, Бұланды, Қорғалжын, Сандықтау, Зеренді және Ерейментау аудандары кіреді. Өңір экономикасы үшін туристік саланың мықты резервтері ретінде жыл бойы жұмыс істейтін курорттық саланы қамтамасыз ету мәселесіне назар аударылуда.

Елбасының тапсырмасына орай, елімізде әлемдік деңгейдегі курорттар ашу және демалыс индустриясын дамытуға инвестиция тарту бойынша Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамыту жоспарының екінші кезеңінде *(2014-2016 жылдары)* 6,1 миллиард теңге игерілді. Курорттық аймақтың кентішілік жолдары жөнделді. Аудан аумағындағы қала құрылысын жоспарлаудың кешенді жобасы мен Щучинск қаласының детальдық жоспарлау жобасы түзілді.

«Үш тілде экскурсия жүргізетін облыстың озық экскурсия жүргізушілері іріктеліп алынды. «Круиз» туристік фирмасы туристерге облыс пен Астанада қызмет көрсететін «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің бірінші сертификатының иесі атанды. Шетел тілін білетін гидтар мен экскурсия жүргізушілерін жедел даярлау бойынша жұмыс жүргізілуде. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті мен Щучинск қаласындағы педагогикалық колледждің базасында ағылшын тілін білетін 39 гид пен экскурсия жүргізушілері білімін жетілдірді. Бүгінгі таңда Щучинск-Бурабай курортты аймағында 100-ге жуық нысан туристерге қызмет көрсете алады», – дейді Шынарбек Бүркітбайұлы.

Келесі жылы Астанада өтетін халықаралық көрмеге келуге тілек білдірген елдер қатары өте көп екендігі белгілі. Жалпы, әлемнің жүзден астам мемлекеті мен ондаған халықаралық ұйымдары қатысуы тиіс. Бұл көрме тәжірибе алмасуға, өзгелерден үйреніп, өзіміздің де жетістіктерімізді паш етуге мол мүмкіндік береді деп күтілуде. Ш.Батырханов «ЭКСПО-ны өткізу кезі Бурабайдың жазғы маусымымен қатар келетінін атап өткен жөн. Сондықтан, қонақтарды күтіп алып, қызмет көрсету үшін өзге өңірлерден нысан дайындау дұрыс деп есептейміз. Туристік әлеуетті алға жылжыту, халықаралық көрмеге туристер тарту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Биыл Астана, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Ресей Федерациясының туроператорлары үшін Щучинск-Бурабай курортты аймағы бойынша 3 ауқымды ақпараттық-жарнамалық тур өткізілді. Бұл тек ішкі ғана емес, көшпелі туризмді дамытуға да мүмкіндік береді», – деп ойын түйіндеді.

Ақмарал АЙҒАРА,
Ақмола облысы

Серпін

ОҢТҮСТІКТЕГІ ОҢ ҚАДАМ

Жуырда Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бейбіт Атамқұлов облыстық мәслихаттың кезектен тыс төртінші сессиясында өзіне жүктелген міндеттердің орындалу барысы туралы баяндама жасады.

– Біздің өңірде 20 этномәдени орталық бар. Ұлтаралық келісім мен бейбітшілікті сақтау жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбек етіп келе жатқан жүзден аса ұлт өкілі – баға жетпес байлығымыз. Осындай татулық пен бірліктің арқасында өңірімізде индустриялық аймақ саны жетіге жетті, ал төрт аймақтың инфрақұрылымдарының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ел экономикасына еселеп үлес қосып келе жатқан Шымкент, Кентау, Түркістан, Созақ, Түлкібас, Мақтарал, Қазығұрт аймақтарының орны бөлек. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмаларына сәйкес атқарылып жатқан облысымыздағы мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесі көңіл қуантады. Атап айтсақ, индустриалдық аймақтарда 52 жоба іске асырылып, 4 025 жұмыс орны құрылды. Ал «Индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы аясында 27 млрд теңгеге 16 жобаны іске қосып, 845 жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Жыл басынан бері 2 жоба іске қосылып, 74 жұмыс орны ашылғанын айта кеткенді жөн көремін, – деген әкім ОҚО-дағы салық түсімінің артып отырғанын да тілге тиек етті. Бюджетке түскен салықтардың көлемі өткен жылмен салыстырғанда 804 млн теңгеге артып, 5,4 млрд теңгені құраған. Сондай-ақ 6 айда өнеркәсіп кәсіпорындарымен 384 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 5,3 пайызға артқан. «Өңіріміздің аграрлық екенін ескере отырып, ауыл шаруашылығының дамуына ерекше назар аударылуда. Осы саланы қолдауға жалпы 29 млрд теңге бағытталып отыр. Егіс көлемін ұлғайту, иесіз жерлерді игеру, заманауи технологиямен тамшылатып суғару әдісін кеңінен енгізу, жылыжай және қарқынды бау құрылыстарымен бірге мал басын асылдандыру қолға алынды. «Еңбек етсең – емерсің!» – деп ата-бабаларымыз дұрыс айтып кеткен. Нәтиже де жаман емес. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысымен таразыласақ, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 123 млрд теңгені құрады. Егіс көлемі де өткен жылға қарағанда 13 мың гектарға артып, 788 мың пайдаланылды. Алғаш рет бидайдың орташа өнімділігі 22 центнерді құрап, рекордтық өнім алынды.

Жылыжайларға да ерекше назар аударылып келеді. Осы жылыжайлардан 80 мың тонна көкөніс өнімдері жиналғанын естеріңізге саламын. Жыл басынан фермерлерге «Ырыс» қаржыландыру ұйымы арқылы төменгі пайызбен 486 жобаны қаржыландырылуға 1,2 млрд теңге көлемінде несие берілді. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларымен 35 мыңнан аса мал басы сатып алынды» – деді Б.Атамқұлов.

Әкімнің сөзіне қарағанда, негізгі басымды бағыттың бірі – инвестиция тарту мақсатында «Ontustik Invest-2016» халықаралық инвестициялық форумы өткізіліп, Еуропа және Азия елдеріне ресми іссапарлар ұйымдастырылуда. Бүгінгі таңда шетелдік инвесторлардың қатысуымен жалпы құны 2 млрд АҚШ долларынан астам 24 жобаның іске асырылып жатқанынан да хабардар етті. Өңір басшысы шағын және орта бизнес, білім беру, Ұлттық бірыңғай тест, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау саласы туралы да сөз қозғады. Атамқұловтың айтуынша, кәсіпкерлікті қолдау мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасымен 6 айда 54 млрд теңгеге 117 жоба мақұлданып, 983 жұмыс орны ашылған. «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» 19 905 кәсіпкерге көмек көрсетіп, жол сілтеген.

«Бүгінгі таңда 42 мектеп, 6 балабақша іске қосылып, нәтижесінде 11 апатты жағдайдағы мен 9 үш ауысымдық мектептердің құрылысы аяқталды», – деді облыс әкімі. Халықты қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында, ағымдағы жылы 27 ауыз су нысанының құрылысы жүргізіліп, 25-і пайдалануға беріледі. Су құбыры мүлдем жоқ 7 елді мекенге жаңа ауыз су құбырларының құрылысы жүргізіліп, 14 елді мекендегі тозығы жеткен ауыз су жүйелері жаңартылатынын айтып өтті. Одан әрі облыс әкімі облыстағы қоғамдық тәртіп мәселесіне тоқталды. Әкімнің есебінде есте қаларлық деректер көп-ақ: ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылып, 186 бейнебақылау камералары мен 89 қызметтік автокөліктер, 10 интеллектуалды жол қозғалысы жүйесінің сатып алынғаны туралы ақпаратпен қала тұрғындары хабардар. Жедел іздестіру шараларының нәтижесінде, ауыр және аса ауыр қылмыстардың ашылымы 70 пайыздан 72,8 пайызға жоғарылаған.

Облыс әкімінің айтуынша, ерекше жаңалықтары да бар көрінеді: облыстағы халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелердің сапасын жақсарту, әкімшілік кедергілерді жою мақсатында «Ашық әкімдік» қызметі ашылған. Сондай-ақ әкімдік ресми ақпараттар «Ашық деректер», барлық қаулы жобалары «Ашық нормативті құқықтық актілер», ал шоғырландырылған бюджеттік есептер мен бюджет жобалары «Ашық бюджет» порталдарында жарияланды. Білікті жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында облысымыздың жоғары оқу орындарын үздік бітірген түлектер арасында іріктеу жүргізіліп, 50 жас маманнан тұратын «Кадрлардың алтын резерві» жасақталған.

«Бұдан бөлек, жыл соңына дейін облысымызда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай бірқатар маңызды іс-шараларды өткізу жоспарлануда, – деді сөз соңында облыс әкімі. Бұл мерейтойды жалпыұлттық сипатта өткізіп, елімізде Тәуелсіздік құндылықтарын нығайтуға барша мыз атсалысамыз деп ойлаймын. Сіздер мен біздер бірлесе отырып, Елбасымен белгіленген «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын және «Мәңгілік ел» Ұлттық идеясын толық жүзеге асыратынымызға сенімдімін»

Мұхтар ЖҰМАШҰЛЫ

ҰЛТ САУЛЫҒЫ

ЖҚ 7

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Мәселе

Жұқпалы кесел екі есе АЗАЙДЫ

Көптен көрмеген, облыс орталығындағы мектеп-интернатта бірге оқыған ескі дос Мәкен Байбатыров жолыққан. Әуелі денсаулық сұрастық, сосын күнкөріс жайы. Жас елуден асқан соң ағзаның ана жерінде, мына жерінде ақау көбейеді екен.

– Белімнен мертіккенімді өзің білесің ғой, омыртқама аздап залал келген. Қантым да өсіп тұр. Оның үстіне туберкулезбен ауырғаныма екі жыл. Үйіміз жалғыз бөлме. Екі балама да, әйеліме де жұқтырдым. Кеңірек үй салайын деп едім, қауметім болмай тұр, – дейді Мәкен, – баяғы күш-қуатым болса бір жазда қабырғасын көтеріп, шатырын қалқайтып алар едім.

– Осынша ауруың бар. Саған үй емес, мола салу керек, – деді Шегебай құрдас.

Құрдас болса да қатты айтты. Мәкеннің көзі жасаурап кетті. Мен болсам сырқат мендеп жүрсе де тіршіліктен тілегі үзілмеген қайратына тәнті болдым.

– Ем алуға барып жүрміз ғой. Қазір аурудың бұл түрі бізде асқынып тұр, – деді Мәкен әлден уақытта ақталғандай. Жалғыз мен ғана емес жалпақ жұрт. Жастар да көп. Елдің бәрі өкпесіне суық тиген кәрі қой құсап күрт-күрт жөтеліп жүрсе, ертең елді қорғайтын да жан қалмас.

– Ел қорғағанда ел шетіне келіп тұрған ешкім жоқ қой. Жұмыс істейтін адам деңіз, – деді Шегебай құрдас.

Қалай болған күнде де жақсы нәрсе емес. Құрт ауруы елдегі тіршіліктің, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың барометрі тәрізді. Қос құрдастың лебізі түрткі болып, туберкуллез туралы тақырыпты індеттік.

Құрт ауруы күрт жайлаған Ақмола облысы қазір республикада үшінші орында тұр. Облыс бойынша мектепке дейінгі 826 орынға лайықталған 43 емдеу орны жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері бұл емдеу орындарында 835 бала ем қабылдап сауықтырылған. Әлеуметтік сырқаттың мұншалықты өршіп кетуін кәдімгідей атан салып, дабыл қағатын жағдай екендігін денсаулық сақтау саласының мамандары таусыла айтып отыр. Жағдай барлық жерде бірдей емес. Мысалы, Еңбекшілдер ауданында бірде-бір сауықтыру орны жоқ. Ал шалғайдағы шоқ жұлдыздай шағын қазақ ауылдарында құрт ауруына шалдыққан балалар ондап емес, жүздеп саналады. Целиноград ауданындағы сауықтыру тобы ауданның өз басында емес, қиындағы Жалғызқұдық ауылында.

Ел ішіне дендеп кірген аурудың таралуына түрмеден шыққандардың қосып жатқан үлесі көп. 2010-2015 жылдары қылмыстық жазасын өтеу орындарынан босатылған 75 адам туберкулездің ашық түрімен ауыратындар. Олар өзі ғана аурудың зардабын тартып жүрген жоқ, сонымен бірге айналасындағы қарым-қатынасқа түскен адамдарға да жұқтыруда. Осы арада бір мысал келтіре кетелік, Бурабай ауданының түрмеден босатылған 9 тұрғыны денсаулығын түзетуге оншалықты ынталы емес. Бурабай аудандық көші-қон полициясы қоғамды қауіпсіздендіру үшін осы бағытта талпынып көргенімен, әзірге нәтиже шығатын емес.

Облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің мәліметіне қарағанда, 2016 жылдың алғашқы бес айында әр жүз мың адамға шаққанда 32,2 адамның ауыратындығы анықталған. Құрт ауруынан қыршын кеткендердің көлемі Зеренді, Атбасар, Аршалы аудандары мен Көкшетау қаласында өршіп тұр. Зерттеу нәтижелеріне зер салсақ, әлеуметтік сырқаттың бой көтеруіне үйсіз-күйсіз жүрген қаңғыбастардың кесірі де тиіп тұрғанға ұқсайды.

Қоғамды алаңдатып отырған дүние туберкулез ауруының балалар арасында етек алуы. Мұндай келеңсіз көрініс Бурабай ауданында басым. Былай қарағанда, ақылға сыймайтын дүние. Әншейінде көкірек керіп, ауасы дертке дауа дейтұғын курортты аймақта құрт ауруының күрт көбеюі таңданарлық дүние. Әйтсе де аурудың көбеюі жалғыз табиғатқа ғана емес, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға да байланысты. Негізінде, туберкулез адамның тамақтануына, ас ауқатының қуаттылығына байланысты. Демек, аурудың осыншалықты басынуына қарағанда, аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайы тым жақсы емес тәрізді. Оның үстіне Ақмола облысының ондаған елді мекендері ауыз суды тасымалдап ішеді. Көлік болмай қалған жағдайда табиғи су көздерінен елді мекеннің жанындағы қамыс өсіп, қоға басып кеткен көлшіктерден ала береді. Алмасқа амал қайсы. Ал ол су ішуге қаншалықты жарамды екендігін зертханадан өткізіп, сараптама жасап жатқан ешкім жоқ.

Ертеректегідей ел ішін аралап, ауыл-село тұрғындарының денсаулығын жіті назарда ұстау мәселесін қолға алу керек. 2016 жылы туберкулез ауруымен ауыратын, сырқаттары әбден асқынып кеткен сегіз адам анықталған. Ал анықталмағандары қаншама. Ел ішінде күрк-күрк жөтеліп, көкірегіндегі кохтың таяқшасымен құдай өзі берген жанын өзі алады деп жүргендер қаншама. Біз сөз етіп отырған флюорографиялық зерттеу мәселесі жетілдіруді тілейді. Жыл басынна бері Целиноград ауданы 16,7 пайыз, Ерейментау ауданы 13,1 пайыз, Қорғалжын ауданы 25,6 пайыз, Ақкөл мен Жақсы аудандары 26 пайыз ғана қамтылған. Барлық тұрғындардың осынша көлемі ғана. Ал қалған көкірегін тексертпегендер, өкпесіндегі өңезді өлшетпегендердің арасында жұтынып тұрған жұқпалы аурудың жалмағаны қаншама. Жаратқан иенің өзі білмесе, бұл арадағы ақпаратты білу, одан қорытынды жасау, ілешала емдеу, қоғамды қауіпсіздендіру пенденің пешенесіне жазылмаған жағдай болып тұр. Шалғайдағы елді мекендерді айтасыз, Көкшетау қаласының өзі ұятты. Қалған қала тұрғындарының 65 пайызы ғана қамтылған. Оның ішінде ішімдікке салынған адамдардың 59 пайызы ғана тексерістен өткізілген. Ішімдікке салынғандарды флюорографиялық тұрғыдан қамту аудандарда да маңдымай отыр. Жалғыз-ақ мысал келтірелік, Целиноград ауданында мұндай топ алты пайыз ғана қамтылған. Міне, мәселе қайда жатыр.

– Облыстық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясында бұл мәселені үш рет қарадық, – дейді облыстық мәслихаттың депутаты Әлібек Баймағамбетов, – жұмысшы тобына депутаттармен бірге дәрігерлер, облыстық денсаулық сақтау басқармасының мамандары, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық кеңестің өкілдері тартылды. Бурабайдағы «Зеленый Бор» поселкесіндегі «Жұлдыз» облыстық мектеп-интернатында болған кезімізде сауықтыру орындарының жағдайын көріп, жағамызды ұстаған жайымыз бар. Туберкулезден емдеуге бағытталған бұл орын 150 адамға есептелген. Дәл қазір онда 131 бала ем-дом қабылдауда. Жататын жерлеріндегі жиһаздар әбден ескірген, төсек-орындарында да сау тамтығы жоқ, көне. Санитарлық-техникалық аспаптары да ескі, қаусап тұр. Бұл жерге жөндеу жүргізіп, бетін бері қарату үшін 15 миллион теңгедей қаражат керек екен. Есеп-қисабын жасап қойдық. Бұланды ауданындағы Макинкс қаласындағы балалар туберкулез бөлімшесінің де жағдайымен таныстық. Екі қабатты ғимаратта орналасқан бөлімше 25 балаға лайықталған. Әуел баста иесіз қағырап қалған ғимарат екен, соған жөндеу жасап, бөлімше ашып отыр. Әйтсе де әлі күнге дейін санитарлық-эпидемиологиялық түйіндемелері жоқ. Осы мәселеге орай, мекеменің әрі қарай жұмыс істей-істемейтіндігі белгісіз. Целиноград ауданы туберкулез ауруын ең көп белең алған жері. Өйткені, Астана қаласына жақын болған соң келімді-кетімді адам көп. Олардың бәрі бірдей тіркеуде тұрған жоқ. Араларындағы сырқаты барларды тауып, емдеу де оңай-оспақ шаруа емес. Осы ауданға қарасты Қосшы, Қабанбай батыр, Ақмол, Қоянды, Новоишимка, Максимовка елді мекендерінің балалары туберкулезбен ауырады. Ал ауданның өз басында оларды емдеу мәселесі әлі күнге дейін шешімін таппай отыр. Жалғызқұдық селосындағы емдеу тобында 14 бала бар. Негізінде туберкулезбен ауыратындармен қарым-қатынас жасаған балалар 13 елді мекенде тұрып жатыр.

Облыстық мәслихаттың депутаты келтірген деректер тым көп. Негізінде аурудың асқынғандығын көрсететін мәліметтер. Бірақ соның бәрін уақытылы ескеріп, дерттің алдын алу жағы шешілсе деген ниет біздікі.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА,
Мемлекеттік хатшы:

«БҰҰ-ның мыңжылдық мақсатының бірі – туберкулездің таралуын тоқтату. 2015 жылға қарай әлемдік қоғамдастық ауру-сырқауды азайту үрдісіне қол жеткізді. Нәтижесінде 2000 жылдан бастап туберкулезбен ауру 18 пайызға төмендеді. Бүгінде орнықты даму мақсаттарындағы міндеттердің бірі ретінде айқындалған «2030 жылға қарай туберкулез індетін түбегейлі жою» әлемдік қоғамдастықтың күн тәртібінде тұр»

1 + 2

Джордж КРОЛ,
АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі:

«Соңғы жылдары Қазақстанда туберкулез ауруының көрсеткіші екі есеге азайды. Қазақстан жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша маңызды жұмыс атқарды. Сондай-ақ елдеріңізде туберкулезге қарсы күрес ұлттық бағдарламасы жүзеге асып жатыр. Ол да туберкулезбен күреске бағытталған дәрі-дәрмекпен емделу жүйесін дамытады. Біз Қазақстанмен бірге жаңа технологияларды енгізу бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Жалған медикаменттерді пайдалану кері нәтиже беруі мүмкін. Сондықтан, дәрі-дәрмектің сапасы өте маңызды. Сапасыз дәрі, тіпті өлімге де душар етеді. Бұл мәселе – әлемдік қауымдастықтағы өзекті проблеманың бірі»

(«Қазақстандағы денсаулық сақтау саласын реформалау: ұлт саулығын қорғау» тақырыбындағы экономикалық саясат жөніндегі форум барысында айтылды)

Бағдарлама

Ұзақ жасаймын десеңіз...

Елімізде өмір сүру жасы 70 жастан асып кетті. Сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» жаңа мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Бұл туралы министр Тамара Дүйсенова «Қазақстандағы денсаулық сақтау саласын реформалау: ұлт саулығын қорғау» тақырыбындағы экономикалық саясат жөніндегі форум барысында мәлім етті.

Т.Дүйсенова «Жаңа бағдарлама бұрынғы бағдарламалардың жалғасы болып табылады. Онда негізгі үш сала қарастырылған. Біріншіден, сау адамның денсаулығын сақтауымыз керек. Онымен жаңадан құрылатын қоғамдық денсаулық қызметі айналысады. Екіншіден, науқас есепте тұрады. Әрдайым бақылауға алынып, ауруды асқындырмау жолы қарастырылады. Үшіншіден, бірегей дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесі қолға алынады», – деді. Форумда сөз сөйлеген министр халықтың жалпы өлім-жітім көрсеткіші 15,3 пайызға, ана мен сәби өлімі 1,8 есеге төмендегенін айтты. Сондай-ақ ол медицина қызметкерлерін оқытуға да аса үлкен көңіл бөлінетінін айтып өтті. Ал жаңа «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағытының бірі – ауру түрінің дамуын алдын алу және ескерту. Осыған байланысты, ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі мен Бүкіләлемдік банк және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану қызметінің ықпалдастығы негізінде елімізде Қоғамдық денсаулық сақтау қызметі құрылады. Жиын барысында 2018 жылдан бастап, елімізде барлық дәрі-дәрмек халықаралық стандартқа сәйкестендірілетіні де белгілі болды. Бұл бірінші кезекте дәрі-дәрмек сапасын арттырумен қатар, қауіпсіздігін қамтамасыз етпек.

Сауал

Тіркеуге алу – мәселенің шешімі

«Сирек ауруға шалдыққан балаларға берілетін дәрі-дәрмекті мемлекеттік реестрге енгізу керек. Бүгінде «көбелек» пен «хрустальды» балаларды емдеуге қажетті ем-дом бұл тізімге кірмейді. Соның салдарынан ондай балалардың ата-анасы шетелге барып, қыруар шығын шығаруға мәжбүр». Мәжіліс депутаты Зағипа Балиева осындай мәселе көтеріп, үкімет басшысының орынбасары Иманғали Тасмағамбетовтің атына сауал жолдады.

Депутаттың айтуынша, «көбелек» балалардың терісі үнемі қабыршақтанып жатады. Ал денедегі жарасы ылғи қанайды. Ондай аурумен туған балаға арнайы жақпа май мен аса көп таңу материалы қажет. Ата-аналар соның бәрін сырттан сатып алады. Себебі біздегі дәрі-дәрмек ем-домға келмейді. Ал шетелден сатып алынатын материал мемлекеттік реестрге кірмеген.

З.Балиева «Бұдан бөлек, сүйегі жеңіл сынатын «хрустальды» балалардың ауруы жайында бәріміз жақсы білеміз. Олардың ата-анасы балаларын шетелге апарып, әрбір сапарына 1 млн теңге шығын шығаруға мәжбүр болып отыр. Себебі олардың дәрі-дәрмектері де мемлекеттік реестрге кірмейді», – дейді. Оның сөзіне қарағанда, «хрустальды» балаларға қажетті бір дәрінің құны 12 мың теңге тұрады.

8 ЖҚ ЖАҢА ҚАЗАҚ
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Озық тәжірибе

НАНОБӨЛШЕК ӨСІРЕДІ

БІР ҚАРАҒАНДА, ЕЛІМІЗДЕ ФИЗИКА, ХИМИЯ ҒЫЛЫМЫ ДАМЫМАЙ ҚАЛҒАН СИЯҚТЫ. СЕБЕБІ «КӨЗГЕ КӨРІНЕР ЖАҢАЛЫҒЫ ЖОҚ» – ДЕП СӨГЕМІЗ. АЛАЙДА ҒЫЛЫМНЫҢ БҰЛ САЛАСЫНДА ЖЕТІСТІККЕ БІР КҮНДЕ, ТІПТІ 5-10 ЖЫЛДА ЖЕТУ МҮМКІН БОЛМАЙ ЖАТАДЫ. ҚАНДАЙ ДА БІР ЖАҢАЛЫҚ АШҚАН КҮННІҢ ӨЗІНДЕ, ОНЫ БАРША ЖҰРТҚА ЖАРИЯЛАУ ЖАҒЫ КЕМШІН. ОСЫҒАН ОРАЙ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА, ОТАНДЫҚ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰСЫНБАҚШЫМЫЗ. БІРІ – МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ЖҮРІП, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘРІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ТИІМДІ ЖОБА ОЙЛАП ТАПСА, ЕКІНШІСІ – ЗЕРТХАНАДА НАНОБӨЛШЕКТЕР ӨСІРУДЕ.

(Басы 1-бетте)

Себебі дәл қазір Phd докторантурада оқып жатқан жас ғалымның жоғары оқу орнына түскеннен бері қозғап жүрген тақырыбы да осы. Бұл зерттеудің ғылым үшін ғана емес, өндіріс үшін де маңызы орасан зор. Төмен температуралы плазма люминисцентті, яғни энергия үнемдеуші шам мен медицинада және өзге салада қолданылады. Ал оған диагностика жасау – плазманың негізгі қасиетін зерттеу деген сөз. Бұл үшін түрлі тәжірибелік тәсілдер қолданылады: қарапайым зондтық зерттеуден бастап отандық және шетелдік зертханаларда сан алуан аспаптармен жұмыс істей отыра, диссертациялық жұмысқа қажетті мәлімет жинайды.

Е.Үсенов «Біз ең алғашқы рет зондтық әдісті тозаңды плазмаға қолдану арқылы жаңа диагностика жасау, яғни плазма туралы жаңа мәлімет алуға болатын әдіс ойлап таптық. Физика плазмасын алу оңай емес. Бірақ өндірістің барлық саласында қолданылады. Оған ең қарапайым мысал жарықтандыруда қолданылатын газ разрядты энергия үнемдегіш лампалар болып табылады. Ол қазір бүкіл дүниежүзі бойынша бұрынғы қыздыру лампасын алмастыруда» – дейді. Ерболаттың ғылыми жұмыспен айналысатын орны бірігіп жасалған бұл жоба – ғарышкер Айдын Айымбетовтің ғылыми-зерттеу бағдарламасындағы еліміздің атынан ұсынылған 10 ғылыми-зерттеудің бірі болатын. Ал кулондық кристалл көбінесе іргелі зерттеуге жатады.

Ерболат Үсенов «Өзіміз білетіндей әлемнің 90% плазмадан құралады, оның көп бөлігі тозаңнан тұрады. Кулондық кристалл эксперименті соның шағын моделі іспеттес. Модельдік қондырғыда біз күн жүйесіндегі тозаң немесе кристалл, одан кейін комета, астероид, планета қалай пайда болуы жөнінде мәлімет аламыз. Модельдік қондырғыда алынған мәлімет арқылы астрофизикалық зерттеуге, сондағы болып жатқан құбылысқа болжам жасауға болады» – деді. 2010 жылдан бері басталған кулондық кристалл тәжірибесінің ұзақ мерзімді стратегиялық жоба екені белгілі. Халықаралық ғарыш стансасында ғарышкерлер өзгергенімен, тапсырма өзгермейді. Бірақ ғылым дамуына қарай біздің кейіпкеріміз де ғарыштық тәжірибенің келесі сатысына өтуді көздеп отыр. Ол плазмалық кристалл деп аталады. Қазір сол бағытта жұмыс жасап жатыр. Е. Үсенов «Өте ауқымды жоба. Ол жерде осы салада жұмыс істеп келе жатқан жапон ғарыш стансасы, НАСА, Еуропалық ғарыш комитетінің біріккен жұмысы

– тозаңды плазма және плазмалық технологиялар зертханасы деп аталады. Әзірге, бұл плазма физикасын тәжірибелік тұрғыда зерттейтін еліміздегі алғашқы әрі жалғыз зертхана. 1994 жылы ашылыпты. Ерболаттың зерттеп жүргені салыстырмалы түрде алғанда, физиканың ең жас саласы деп есептеледі. Себебі ядролық физиканың өзі 1911 жылы Резерфорд тәжірибесіне бастау алса, плазма физикасы туралы ең алғашқы ғылыми мақала 1926 жылы АҚШ-та жарық көрген. Ал қазір бұл Германия, Жапония, Ресей сынды әлемнің көптеген еліндегі ірі-ірі орталықтарда зерттеліп жатыр.

Ғылыми қызметкердің айтуынша, бұл сала ғылыми түрде зерттелгенмен, өндіріске әлі енгізілмепті. Бірақ әлемнің көптеген ғалымдары бұл саланың пайдасы зор екенін түсініп, әр түрлі салада қолдануға болатынын дәлелдеп жатыр. Ол «Тозаңды плазма физикасы төмен температуралы плазма физикасы ішіндегі соңғы 10 жылдықта ең үлкен қызығушылық тудырған сала. Оны Томсон Рейтер сияқты үлкен ғылыми базадағы мақалалар санынан-ақ байқауға болады. Әсіресе соңғы 10 жылда оның саны күрт өскен. Біз зертханада тозаңды плазманың көмегімен нанобөлшектер өсіріп жатырмыз. Ал қазіргі таңда нанотехнология өте қарқынды дамуда. Нанобөлшектер медицинадан бастап металлургияның түрлі саласында, түрлі қасиеті бар материал шығаруда қолданылады» – дейді. Еліміздегі бірден-бір зертханада әу баста бір ғана қондырғы болса, қазір жас ғалымдар 5-6 қондырғымен жұмыс істеп жүр. Мұны 1970 жылдары республикада плазма физикасының негізін қалап, теориялық түрде сандық әдісімен зерттеу жүргізген академик Пазылхан Байымбетов пен 2006 жылдары соның ізін жалғаған профессор Тілекқабыл Рамазанов сияқты ғалымдардың жемісі деуге болады.

Физика-техника факультетінің кіші ғылыми қызметкері плазма физикасын зерттеумен бірге, тағы бір халықаралық ірі жобаға атсалысқан. 2015 жылы қазақтан шыққан үшінші ғарышкер Айдын Айымбетов ғарышқа сапар шеккенде тозаңды плазманың бір бөлігі саналатын «Кулондық кристалл» атты Ерболат үлес қосқан тәжірибелік жұмысты жасаған еді. Мәскеуге барып, ғалымдармен кеңесіп, құжатын әзірлеп, жобаны дайындаған. Ресейліктермен бар. Қазір біз ПК-4, яғни плазмалық кристалл-4 экспериментіне тапсырмалар мен ғылыми-зерттеулердің жобасын жасаудамыз» – дейді.

Мамандар бұл тәжірибені еліміз үшін, Қазақстан ғылымы үшін, ғарыш саласы үшін үлкен жетістік деп отыр. Қазір сол «кулондық кристалл» атты тәжірибенің нәтижесі бойынша Ерболат импакт-факторы жоғары халықаралық журналға екі мақала ұсынған. Жалпы, бүгінге дейін қазақ, орыс және ағылшын тілін еркін меңгерген полиглот ғалымның үш тілде жазылған 4-5 мақаласы жарық көрген. Ал сан түрлі конференциядағы баяндамасының саны 25-ке жетеді.

Жалпы плазманың қасиетін зерттеу – бүкіл әлем үшін өте маңызды бағыт. Өнеркәсіп дейсіз бе, нанотехнология дейсіз бе, плазманың араласпайтын саласы жоқ. Сол себепті 2-курс докторанты тиісті талапқа сай, Германияда екінші ғылыми жетекшіден 3 ай бойы дәріс алған. Соңғы үлгідегі озық зерттеулер жүргізілетін халықаралық зертханада білім биігінен көрінген жас ғалымды неміс жетекшісі тағылымдамаға қайта шақырып отыр. Бұған себеп те жоқ емес. Былтыр осы зертхананың бір топ ғалымы мемлекеттік сыйлықтың иегері атанған. Мұны теория мен тәжірибені ұштастырған Ерболаттай жастардың заңды жетістігі деуге болады.

Ерболат терең зерттеген тозаңды плазманың тағы бір үлкен қолданбалы саласы – ядролық батарея жасау. Яғни қуат көзін алу. Дәл осыны зерттеу арқылы Ресей ғалымдары 15-20 жылға жететін қуат көздерін жасап шығармақ. Бұл ғарыштық зерттеулерде, яғни қуат көзі жоқ, жерлерде үлкен пайда әкелмек. Әзірге, мұндай плазма физикасы іргелі түрде зерттелуде. Болашақта зертханалық прототиптерді ірі өндірістерге енгізуге болады, – дейді жас физик. Оның айтуынша, ғарыш аппараттары күн элементі арқылы жұмыс істейді. Алайда кейбір жағдайда ғарышта тікелей күн сәулесі жер серіктеріне түспейді. Сол кезде плазмалық қозғалтқышты пайдаланады.

Әлемдік ғалымдардың қызығушылығы артқасын, кез келген ғылым саласының шарықтау шегі болатыны аян. Бірақ дәл осы ғылым саласының шекмелмейтіні анық. Себебі оны қолданбалы мақсатта пайдалануға мүмкіндік мол. Демек, іргелі зерттеудің қолданбалы бағытқа ауысуы Ерболаттай әлі талай жастарға азық болары даусыз. Бұл ретте, отандық ғылым-білімнің алар асуы алда, көкжиегі көз жеткісіз шексіз, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді деуге толық негіз бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тілекқабыл РАМАЗАНОВ, *Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры:*

«Қазақша, орысша, ағылшынша еркін сөйлейді. Мақаланы да өзі еркін жазады. Ол да өте жақсы жетістік. Сонымен қатар, шетелдік конференцияларда өз бетімен ағылшынша баяндама жасап, жақсы бағаға ие болып жүр. Көп адамдар ғылымға сіңірген еңбегіне, атағына, лауазымына байланысты өлшенбейді. Шетелде ғалымдар, әріптестер сол ғалымның істеген жұмысын қалай пайдаланады, қалай сілтеме жасайды, ары қарай қалай дамытады сонымен пайдаланады. Соған қарасақ, Ерболаттың 40-50-ге жуық сілтемесі бар. Шынын айтқанда, көптеген профессорларда ондай көрсеткішке қол жеткізбеді. Сондықтан болашағынан зор үміт күттіретін қазақтың зиялы азаматы болады деген сенімдемін»

Жаңа әдіс

Жарық береді, денсаулыққа да пайдалы

Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы Әлімжан Кеңесбеков өткен жылдан бері бір тың жобаны қолға алды. Нәтижесі де жоқ емес. Фотокаталикалық сүзгіні көше шамына қолдануға болатынын дәлелдеді. Ал мұндай сүзгі лас ауаны 7 түрлі тазартудан өткізіп, қала экологиясын жақсартады. Әрі бұл көше шамы қызметін де атқарады. Ерекше сүзгінің жол бойына қойылуы да тегін емес. Мамандардың зерттеуінше, дәл осы автокөліктің түтіні атмосфераның 55 пайызын ластайды. Бұл – өте қауіпті. Себебі автокөлік бөлетін азот диоксиді өкпенің қабынуы мен демікпе ауруын тудырады, – дейді ғалымдар. Бұған қоса, көше шамына балама бола алатын бұл шам энергоүнемді екен. Сол себепті, экологиялық әрі экономикалық мәселені қатар шешетін жобаның маңызы өте зор.

Ә.Кеңесбековтің айтуынша, бұған ұқсас жобалар Калифорнияда, Мәскеуде және Бейжіңде қолданылған. Бейжіңде сәл басқаша технология бойынша жасалыпты. Аспан асты елінің өнертапқыштары сүзгіні ионизатор негізінде пайдаланған. Ал ондай сүзгі қуатты көп қажет етеді. Сол себептен тиімсіз деп отыр отандық өнертапқыш. Ол «Біздің жоба олардың жобасына қарағанда, механикалық тұрғыда әлдеқайда тиімді. Біріншіден, бізде энергоүнемді әрі оған біз күн панелі мен жел қондырғысын қостық. Осылайша, электр қуатын да өндіреді. Бұл өзін-өзі қуатпен толықтай қамтамасыз етеді. Яғни кабель немесе басқа да қосымша құрылғыны қосудың қажеті жоқ. Толықтай дербес жұмыс істей алады. Біз сүзгіні 24 сағат бойы үздіксіз жұмыс істей алатынын тексердік» – дейді. Уландырғыш затты зарарсыздандыратын сүзгіні қайта-қайта ауыстыра берудің де қажеті жоқ екен. Жас ғалымның сөзіне сенсек, 3 жылда жоба өзін-өзі толық ақтайды. Болжам бойынша каталикалық сүзгі 10 жылда бүкіл ластанудың 12 пайызын тазартады. Демек, бұл ұзақ уақытқа есептелген өміршең жоба. Зияткерлік мектептің шәкірттері өз еңбегін қала билігіне көрсетуді жоспарлап отыр. Әрі «Болашақтың энергиясы» атауымен Астанада өтетін EXPO-2017 халықаралық көрмесіне бармақшы.

Дегенмен Әлімжан Кеңесбеков әлі жобаны жетілдіретін тұсы көп екенін мойындайды. «Бұл бізде пилоттық жоба. Осы құрылғыны өндіріске енгізу үшін инвестиция қажет. Назарбаев зияткерлік мектебі алғашқы қадамға жол ашты. Біз идеяны жүзеге асыра алдық. Қазір оның қалай жұмыс істейтінін, нәтижесі қандай екенін емін-еркін айта аламыз. Бізге ұстаздарымыз да әрқашан көмектеседі. Енді мемлекеттік деңгейде қолдау тапсақ, бұл жобаны бүкіл әлемге таныстыра аламыз» – деген арманын жеткізді ол.

Негізгі идеяны шәкірттер ойлап тапқанымен, ұстаздың да көмегі ауадай қажет. Әрі жобаны іс жүзінде сынап көру үшін зертхана мен құрал-жабдық керек екені белгілі. Ал Назарбаев зияткерлік мектебінде заманауи құрылғымен жабдықталған, мүмкіндігі мол зертхана баршылық. Ең бастысы – стратегиялық маңызы бар бұл істе сенімді серіктес, жауапты әріптесі болу керек. Бұл критериге Әлімжанның досы, сыныптасы Ғабиден Жабайхан сай. Бастапқыда бұл идея туралы естігенде бірден сызуға, бағдарлама жасауға икемі болғандықтан, жобаның техникалық жағын мойнына алған. Ғ. Жабайхан «Біз мұны соңына дейін жеткізгіміз келеді. Қазір шамамен 70 пайызын аяқтадық. Қосымша қаржы болса, арманымыз жүзеге асар еді. Әлімжан сыныпта ол өте белсенді. Бәрін біледі. Мықты спортшы, бағдарламалаудан, информатикадан, химия, физикадан қысқаша айтқанда, барлық сабақтан үлгерімі жақсы. Достардың арасында беделді» – деп сыныптасының жақсы қасиетін тізбектеп шықты. Әлімжан экологиялық мәселемен бірге, физика-химия сынды пәндерді жақсы меңгерген. Себебі бұл инновациялық бастаманың нақты ғылыммен тікелей байланысы бар. Бірақ жобаның химиялық, яғни тәжірибелік жағы қолға алына қойған жоқ. Әзірге, тақырыпқа қатысты шет тілдегі материалдар сарапталып, зерттеліп жатыр. Мұғалімдердің айтуынша, жаңалыққа жаны құмар, алғыр, ізденімпаз Әлімжан қалайда мақсатына жетеді. Әрбір оқушының жан-жақты дамуына сүбелі үлес қосатын химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі 2015 жылы ашылған. Бірақ педагогикалық ұжым жастығына қарамастан, мұндағы шәкірттердің дені шығармашылық және интеллектуалдық жобамен айналысады. Соның бірегейі атанған Әлімжан Кеңесбеков әр түрлі жарысқа қатысып, робототехникадан да жүлделі орын алған. Әрі оның инженериядан да хабары бар екен. Математика пәнінің мұғалімі Салтанат Қадырова «Біздің мектепте «технотория» деген зертхана бар. Сол жерде біздің оқушылар робототехниканың негізін оқып, өз қолымен робот жасады. Жалпы, әр түрлі

бағыттағы жұмыс істейтін роботтарды өз қолымен жасақтап, байқауларға қатысуда. Робот-манипулятор деген робот жасап шықты. Оның көмегімен қолжетімсіз жерлерді тазартуға болады» – дейді. Әлімжан робототехника бағдарламасы бойынша Америкаға да барып оқып келген. Ол «Менің басты мақсатым – осындай құрылғы жасап медициналық мекемеде, емханада науқасты емдеуге, диагноз қоюға жол ашу. Кейбір дәрігерлер науқасқа дұрыс диагноз қоймайды. Біз жасап шыққан қондырғыны әр адам өз бетінше қолдана алады. Мен білімімді әлі жетілдіруім керек. Әзірге ұстаздарының көмегімен мақсатыма жетіп, әлемдік нарықтан өз орнымызды табуға күш саламыз» – дейді.

Әрбір оқушының қарым-қабілетін ашқан мектеп ұжымымен бірге, Әлімжан бұл идеяны да жүзеге асыратынына бек сенімді. Демек, болашағынан зор үміт күттіретін бозбаланың алар асуы әлі алда.

Дархан КӘРІМОВ

www.jasqazaq.kz

ӨНЕР

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Театр

(Басы 1-бетте)

Биыл да жылдағы әдетінше театрлар Ақтөбе қаласында бас қосып, жыл бойы жинаған озық тәжірибесі мен ізденісінің нәтижесін театр мамандары мен көпшілік көрерменнің назарына ұсынды. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 8 театр бес күн бойы Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театры сахнасын өнердің үлкен жәрмеңкесіне айналдырды. Әйтсе де, санға сапа сай ма? Фестивальдің көркемдік деңгейі қандай? Еліміздің әр аймағынан жиналған өнер ошақтары көрерменін таңғалдырарлық деңгейде өнер көрсете алды ма?.. Көкейде қалған осы сауалдарға жауап тауып, әңгіме әлқиссасын тарқатып көрсек.

ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ?

Ақтөбе қаласында өткен XXIV республикалық театрлар фестивалінен кейін туған ой

ФЕСТИВАЛЬ: БІЗ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕМІЗ?

Фестиваль – өнердің қай түрі болмасын, бары мен жоғын түгендеп, сыры мен сынына сарапшы болар таразы. Демек, фестивальдің деңгейі – өнер додасына қатысар спектакльдің көркемдік сапасымен өлшенеді. Оның үстіне, қазіргі заманауи театр өнері шығармашылық һәм формалық ізденіс тұрғысынан жаңаша белеске көтеріліп, көрерменін жаңалығымен таңғалдырудан жалықпай келеді. Егер осы өлшем тұрғысынан келер болсақ, фестивальге қатысатын қойылымдар да аталған талап тұғысынан сарапталуы керек, біздіңше. Бірақ, өкінішке қарай, көркемдік деңгейі сын көтермек тұрмақ, қарапайым көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысымен деңгейлес спектакльдердің де ара-тұра фестиваль бағдарламасынан жылт етіп көрініп, жанды жабырқатқанын жасырмаймыз.

«Қазір фестивальалды іріктеу жұмысындағы кемшіліктер – кезек күттірмейтін өзекті мәселеге айналып тұр. Соның салдарынан, көркемдік сапасы сын көтермейтін қойылымдар жолдама алып, фестивальдің ұйымдастырылу деңгейіне айтарлықтай залалын тигізуде. Шындап келгенде, фестивальге қатысу – театрлар үшін үлкен мәртебе болу керек. Бірақ, өкінішке қарай, фестивальді де біз кезекті қойылымды дайындықсыз сахнаға шығарғандай қалыпты жағдайға айналдырып алдық» – деп қойылымдардың көркемдік деңгейіне көңіл толмаушылығын білдірген қазылар алқасының мүшесі, өнертану ғылымдарының кандидаты, белгілі театртанушы Сәния Қабдиева спектакльдердің сапа төмендігін облыстық театрлардағы режиссерлердің тапшылығы мен шығармашылық ізденістің аздығынан екенін баса көрсетті.

САНҒА САПА САЙ МА?

Шынымен де, Ақтөбе қаласында өткен биылғы фестивальге қатысқан Солтүстік Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Ақтау, Алматы қалаларынан бөлек, Астананың Қ.Қуанышбаев атындағы музыкалық драма театры мен Жастар театрының ұсынған қойылымын тамашалап отырып, облыстық театрлардың әлі де өз қазанында өзі қайнап, көркемдік сапа тұрғысынан кенже қалып жатқанына жанымыз жабырқап тарқастық. Кезінде фестивальдің алдын бермей, дүбірлі дәуренін сүрген С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театрының шыбысын республикалық фестиваль аясында екі жыл қатарынан бақылап, Қарағанды театрына алда тыңғылықты түрдегі үлкен ізденістің қажеттілігін байқадық. Былтырғы Өскемен қаласында ұйымдастырылған фестивальге режиссер Айбек Қырықбаевтың «Ұлы арман» *(авторы – Д.Рамазан)* драмасымен қатысып, сарапшылардың қатал сынына қалған қарағандылық театрдың бір жылда шығармашылық сапа тұрғысынан, өкінішке қарай, алға жылжығаны байқалмайды. Ақтөбе фестиваліне әкелген Дунай Еспаевтың «Өкпек жолаушы» *(авторы – Д.Исабеков)* драмасы да өткен жылғы қойылым деңгейінен аса алмады. Тағы да сыналып, қазылардың ескертпесін арқалап, Арқаға қайтып оралды. Сол секілді Н.Гогольдің «Үйлену» комедиясын ұсынған Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театры ұжымына да шығармашылық тұрғыдан үлкен ізденістің қажеттілігі байқалады.

Бұдан не түйеміз? 24 жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқанына қарамастан, бізде әлі де фестивальдік мәдениеттің, өнер жарысына сай талғам мен талаптың қалыптаспай келе жатқандығы.

Қалай дегенмен де, фестиваль – еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған театрларының жыл бойғы ізденген еңбегінің, жинаған тәжірибесі мен төккен терінің нәтижесін ортаға салатын өнердің шын мәніндегі таразысы болуы керек. Алайда осы талаптың өз деңгейінде жүзеге аспауы, ұйымдастырылу мен қатысушы театрлардың ізденісі тарапынан кетіп жатқан олқылықтар білгілі бір деңгейде фестиваль сапасына нұқсан келтіріп жатқандығын да, орайы келіп тұрғанда, ескертіп өтуді жөн санадық.

Әйтпесе, фестивальдің алғашқы үш күні мүлгігендей күй кешуіміз – облыс театрларына үлкен бір сілкіністің қажеттілігіне сұранып тұрғандай. Режиссура мен актерлік ізденістен бөлек, сценография мәселесінің де жан-жақты жаңалыққа зәрулігі байқалады. Репертуар таңдаудағы талғам, тақырыптың өзектілігі, жанрлық сан алуандық деген түйткілдер де күрделі көңіл бөлуді күтуде. Елорданың қос театры мен Ақтау, Атырау қалаларының қадау-қадау жұмыстарын ізденіс ерекшелігіне сай ауыз толырып айтқанымызбен, облыстың өзге көптеген театры әлі де «баяғы жартас – сол жартас» күйінде.

ФЕСТИВАЛЬДЕН НЕ ТҮЙДІК?

Егер әлемдік театрлардың: арғысы – Германия мен Ұлыбритания, Италия мен Венгрия, бергісі – Ресей мен Украина, Башқұртстан мен Татарстан театрларының заманауи өнер кеңістігін бағындырудағы жетістіктерін салыстыра сараптар болсақ, біздің облыстық театрлардың әлі де үлкен, жан-жақты ізденіске зәрулігін көруге болады. Инкубатордан шыққандай біркелкі, динамикадан жұрдай, суреткерлік қиялға кедей бірсыдырғы қойылымдардан бас тартып, әлем бағындырып жатқан техниканың жаңаша мүмкіндіктерін игеріп, сахнада көрмедік һәм жанрлық тұрғыдан соны сүрлеу салатын уақыт әлдеқашан туған. Егер көріп, көкейге тоқимын десе, әлемнің кез келген елінің есігі ашық. Тек тәжірибе алмасып, тың дүниені үйренуден, өзіндік өнер өресін қалыптастыруда талмай еңбектенсе болғаны. Мәселен, Астана қаласы Жастар театрының «Моцарт» мюзиклі *(режиссері – Нұрқанат Жақыпбай)*, Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрының «Шие» комедиясы *(режиссері – Сергей Потапов)* сияқты. «Ізденіс болған жерде сапаның да болатынын естен шығарамса екен қазақ театрлары» деген тілек қалды ішімізде...

Қазылар алқасының құрамына жиналған Сәния Қабдиева, Дариға Тұранқұлова, Ерлан Біләл бастаған театр мамандарының шешімімен, фестиваль қорытындысы бойынша, «Үздік спектакль» жүлдесі Астананың қос театры: Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрының «Шие» комедиясы *(авторы – А.Чехов, режиссері – С.Потапов)* мен Жастар театрының «Моцарт» мюзикліне *(авторы – Ж.П.Пило мен О.Шультез, режиссері – Н.Жақыпбай)* теңдей бөлінді. «Ең үздік ер адам бейнесі» аталымындағы арнай жүлде У.Шекспирдің «Гамлет» трагедиясындағы «Гамлет» бейнесі үшін Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрының актері Кенжебек Башаровқа бұйырды.

Хош! Сонымен 5 күн қатарынан еліміздің жан-жағынан жиналған театрлардың өнерін бірін де қалдырмай, санамалап отырып тамашаладық. Көргеніміз бен көңілге түйгеніміз – осындай.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
Астана – Ақтөбе – Астана

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН немесе АЛАШҚА АЙТАР ДАТ:

• ...Фестиваль дегенде, жалпы, менің түсінбейтін дүнием, қоятын сауалым көп. Мәселен, фестивальде талқылау не үшін жүргізіледі? Егер айтылған мін мен сыннан қорытынды шығарылмаса?.. Әйтпесе, былтырғы сахна додасында (Өскемен қаласында өткен) сарапшылар тарапынан қатты сынға ұшыраған «Ұлы арманның» (реж. А.Қырықбаев) жағдайынан кейін С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театры ойланса, сабақ алса болар еді ғой. Бәлкім, сонда кешегі «Өкпек жолаушының» (реж.Д.Еспаев) өкініші болмас па еді... Әй, қайдам?!. Қазір фестиваль деген – өнердің бар мүмкіндігі сынға түсетін талғам мен талап мінбері емес, жалпақ тілмен айтқанда, «проходной двор» болып кетті. Кімнің көңіл-хошы тартса, сол асай-мүсейін асынып жетіп келетін... Міне, фестиваль дегендегі біздің түсінік - осындай...

• Ау, ағайын, бір тойда екі жар, бір жүгініс екі дау бола ма екен?..». Ақтөбе қаласында өткен биылғы XXIV республикалық фестивальдің марапаттауынан кейін Абайдың осы бір репликасы ойыма қайта-қайта орала берді. Енді өзіңіз ойлап қараңызшы, бір жарыста екі жеңімпаз бола ма?.. Аламан заңы бойынша, мықты біреу, жеңімпаз жалғыз болу керек емес пе?!.

• Әсіресе, мәдениет және спорт министрлігіндегі ұйымдастырушылар, байқау дегеннен кейін, соған сай көркемдік тұрғыдан талап та қойылу қажет шығар?!. «Фестиваль өткіздік» деген белгі үшін ғана жанталаспай, өнерге деген аздаған жанашырлық та болу керек емес пе?!. Бізді құртатын, құртып келе жатқан сол баяғы көңіл жықпастық, Бейімбетше айтқанда, мырқымбайлық...

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Сәния ҚАБДИЕВА,
өнертану ғылымдарының кандидаты, театртанушы:

– Фестивальге қатысу – театрлар үшін үлкен мәртебе болу керек. Бірақ, өкінішке қарай, фестивальді де біз кезекті қойылымды дайындықсыз сахнаға шығарғандай қалыпты жағдайға айналдырып алдық.

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Ару ана

(Басы 1-бетте)

Бір ғажабы, жүз елуден аса ән сөзін жазған Бәкір Төлеуұлының туындылары өте кең тараған. Оның үстіне жаңа заманғы әншілердің таңдауы да көбіне Тәжібаев өлеңдеріне түсетіні байқалады. Себебі Бәкең қаламынан туған шумақтар сонша қарапайым, тілге оралымды келеді. Және сол жанға жайлы жырдың жүрек тербейтін ерекше сиқыры бар.

Қалың жұртшылық осы ән мәтіні шеберінің негізгі мамандығы актер екенін біле қоймауы мүмкін. Иә, сонау елуінші жылы Алматы Театр-көркемсурет училищесінің жанындағы актерлік бөлімін тәмәмдаған болашақ қаламгер бастапқыда бірді-екілі кинофильмге де түседі. Жалпы, бір қарағанда өте қарапайым көрінетін осынау жанның ғұмырбаяны жұмбақсыз емес. Мәселен, кезінде жас әртіс Жамбыл қаласында оқып жүрген мектеп оқушысына үйленіп «қызық» жасайды. Ол тұстағы жәйттерді, тегінде, сол үйдегі шешеміз Сапаргүл Абызбаеваның өзінен естігеніміз жөн шығар.

– 1952 жылы қосылдық. Он төрттен он беске қараған шағым. Бәкір – жиырма бесте көрінеді. Үйленгенімізді қайтейік, сол бойда-ақ жасы толмаған қызды алды деп Бәкірдің басына қара бұлт үйірді. Және өзі коммунист. Партиядан шығару қаупі былай тұрсын, тіпті соттамақшы екен. Содан қол ұстасып Шымкент қаласына қаштық. Мән-жайға қаныққан Нұрдәулет Күзембаев дейтін үлкен қызметкер кісі жанашырлық жасап, қарындасымды осында алып кел, өзім бірдеңе қылып құтқарып аламын депті. Сөйтіп бас сауғаладық. Бәкір театрға артист болып кірді, мен педучилищеге түстім. Күзембаев ағай «студент болсаң ешкім соқтыға қоймас» деп еді. Менің анамды қолымызға алдық. Бірақ төрт жылдай тұрған соң Алматыға қайта оралғанбыз. Шымкентке іссапармен келген Тахауи Ахтанов Бәкірге: «Мұнда қашанғы жүресің, сенің орның Алматы емес пе!» деп, көп ұзамай-ақ ресми түрде құжаттарын жасатып, астанаға шақыртты.

Қаламының «желі» бар Бәкең келген бойда-ақ шығармашылық өмір қыз-қыз қайнап жатқан қиын да, қызықты қым-қуыт әдеби ортаға күмп береді. Кейін үлкен өнер көгінде парлап самғаған Бәкір Тәжібаевтың Ән әлеміндегі жолы осылай басталған екен.

– Абай атындағы опера және балет театрына әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып орналасты. Атақты музыканттармен араласып, әнге сөз жазу ісімен осы кезден-ақ айналысып кетті. Тегінде, барлық жағынан бесаспап еді. Тапсырыс өте көп болады. Пьеса жаз десе, пьеса жазады. Өлең өз алдына. Кейде музыка да шығарады...

Бәкең аталған театрда композитор Еркеғали Рахмадиевтың әуеніне бірнеше ән мәтінін дайындауымен қатар атақты «Қамар Сұлу» операсының либреттосын да жазған кісі. Сондай-ақ қаламы жүрдек маман журналистика мен көркем проза жанрына да түрен салады. Әйтсе де Тәжібаев шабыты өлеңге көбірек ыңғайланса керек. Бір қызығы, Сапаргүл апай жолдасының қаламынан туған көпшілік жырды тек өзіме арналған деп есептейді. Бұл тұрғыда, әлбетте, дауласу қиын. Жұбайының әр өлеңін машинкаға өз қолымен басып беріп отырған екен. Зайыбының айтуынша, Бәкір аға ән мәтінін өте тез жазған.

– Көп әуреленбейтін. Бір-ақ күнде дайын қылады. Тіпті жарты күн айналасында жазып тастайтын кездері де болды. Және көпшілік өлеңі маған арналған. «Міне, мынаны сен туралы жаздым!» деп қуантатын. Мысалы, Ескендір «Әдемі-ауды» Дарикоға шығардым деп жүр ғой. Негізі, оны маған деп жазған. «Елігім-еркемді» де маған жазды командировкаға кетіп бара жатқанда...

Ойымызға:

– Қиялымды көкке өрлеткен,
Көңілімді көктем еткен.
Елігімсің еркем менің,
Хабарыңды көптен күткем, –

деген жолдар оралды. Біз апайға: «Бәкір ағаның сөздері көбіне елігім-еркем, әдемі-ау деп келеді. Соған қарағанда, жасыңызда әдемі болғансыз-ау, шамасы!» деп әзілдеп те қалдық.

– Енді, солай шығар! Қайдан білейін. Адамның өз-өзін мақтауы ыңғайсыз ғой... *(Сапаргүл тәте осы сәтте ішегі қатып күлді. Одан ақырындап байсалды қалпына көшті).* – Әрине, әркім өзінің ұнатқан адамын әсемге балайды ғой. Және жастық шақтың өзі тұнып тұрған сұлулық емес пе. Шашым тілерсегіме түсетіндей өте ұзын болатын. Көзім де баданадай үлкен еді. Қазір ғой, кетеуіміз кетіп кемпір болып отырғанымыз...

Расында, тәтейдің көріксіз болмағаны көрініп тұр. Бізге, әсіресе, Сапаргүл апаның қарапайымдығы, ақжарқындығы ұнады. Шығармашылық адамдарының да әдетте кішіпейіл, қоңыртөбел келетіні белгілі. Әйткенмен, олардың ешкімге ұқсамайтын әдеттерінің де болатыны анық. Бәкір ағаның мінезі қандай еді деген сауалды Сапаргүл Абызбайқызына да қойдық.

– Әр алуан. Тыз етіп ашулануы да оңай, қуануы да тез. Өленді де жылдам жазады дегенмен оған ішкі дайындығы күшті ғой. Ақынның жай адам түсіне бермейтін күрделі қасиеттері көп болады. Оңай нәрсе емес. Кез келген дүниені іште ұзақ пісіреді.

Жүрек Қайсаң

Жүректің сыры, жанның нұры қосылады өлеңге. Сезімтал. Лезде құбылатыны осыдан. Сол себепті, жағдайын ойлап тұрамыз. Жағдайын жасамасаң жазушы шыға ма. Қас-қабағына қарау керек. Мен күні бойы жұмыста болғанмен үйде анам бар, әр ісіне қолғабысы тигізуге тырысып, ас-суын дайындап беріп отыратын. Кейде, кішкене, көңіл күйі болмаса үндемейміз. Бірақ тез қайтатын еді. Мінезі жайсаң. Көбіне күліп жүреді. Қонақ көп келеді ол уақытта. Үй босамайды. Біреу кетсе біреу келіп жатады. Тіпті, ешкім болмаса Сапаргүл ет асып жатыр деп жолдастарын өзі шақырып алатын. Ізтай Мәмбетов, Қуандық Шаңғытбаев, Ғафу Қайырбеков, Қабдыкәрім Ыдырысов, Шәміл Мұхамеджанов, Сағи Жиенбаев сияқты ақын-жазушылардың бәрімен етене араластық. Өлеңдерін оқиды. Әңгімелерін айтады. Кейде дуылдасып таң атқанша да отырады. О кездегі өмір қызық еді. Бір-бірімізді сынау, анау-мынау деген жоқ, барын ішіп-жеп, емен-жарқын араласып жүре беретінбіз. Әлгі жігіттердің де отбасының бәрі көпшіл-ді. Олар да шақырады бізді. Әсіресе, күні-түні қонағы үзілмегеннен кейін пәтер қожайындары Ізтай марқұмды өте мазасызсың деп жиі шығарып жіберетін. Қазір ойласаң, күлкің келеді. Ырың-жырың қылып, жүріп жатушы едік сөйтіп. Ол да бір дәурен екен. Ай, дүние-ай...

Бәкір Тәжібаев қаламынан шыққан «Ауылым – әнім», «Асыл арман», «Жанарым», «Бозторғайым», «Іңкәрім-ай», «Тойға шашу» деп жалғаса беретін кең танымал әрбір өленнің өзіндік сыры бар. Бізді кейіпкеріміздің Қасым Аманжоловтың сөзіне жазылған «Жас дәурен» әнінің туу жайы толғандыратын еді. Сөйтсек, бірде Қырымға емделуге барған Бәкір кезінде Қасым жатып кеткен жалғыз орындық бөлмеге тап болыпты. Міне, осынау сәйкестіктің өзі шақша басын тауға да, тасқа да соққан, майдангер Қасым ағасының ауыр тағдыры туралы қатты тебірентсе керек. «Жас дәуреннің» сөзі мен әнінің сәтті жымдасқаны соншалықты, көпшілік жұрт бүгінде осы дүниені тұтастай Қасымның өз шығармасы екен деп қабылдайды...

Сапаргүл тәтемен әңгіме барысында әйгілі «Әлия» әніне әдейі тоқталғанбыз. Кейінірек автордың өзіне де, өзгелерге де бірталай абырой әкелген бұл шығарманың да шағын тарихы бар көрінеді.

– Менің анамның есімі – Жанбөпе. Бірде шәй үстінде отырып о кісі өзінің Әлиямен жақын туысқан екенін айтып қалды. Бәкір елең етіп: «Ойбай-ау, апатай, әңгіме сізде жатыр екен ғой! Айтып берсеңізші мән-жайды!» деп жармаса кетті. Көп ұзамай өлең де туды ғой. Бір күні Сейдолла Бәйтереков келіп: «Аға, осы сөзге музыка жазсам қайтеді» деп өтініпті. – «Е, жаза ғой, айналайын!». Міне, жағдай осылай өрбіген. Кейін жас Роза Рымбаева осы ән арқылы алдымен Мәскеуде бас бәйге алды, одан Болгарияда өткен халықаралық фестивальде «Алтын Орфей» жүлдесін иеленіп, әлемге танылды. Бұдан соң Розаның тағы бір үлкен тартыста «Күнге табыну» әнін айтып лауреат атанғаны есімде.

Әңгімені тағы да Бәкеңнің күнделікті іс-әрекеттеріне қарай бұрамыз. Әдетте, өнер адамдарының әпербақандау, қожанасырлау келетіні мәлім. Мұндай мінезден біздің кейіпкеріміз де құралақан емес секілді.

– Өте сенгіш еді. Біреу бірдеңе айтса есі шығып, соған сенеді. Мен де аңқаумын. Әйткенмен, Бәкірдің аңғалдығы менен он есе асып түсетін. Баяғы жас кезде қазіргі екінші Алматы вокзалының бергі бетінде жер үйде тұрдық. Әжетхана – сыртта. Бәкір түнге қарай далаға ылғи мені ертіп шығады. Жас балаша сондай қорқақ. Мен де кейде түрлі шаруадан қолым тимей отырамын ғой енді. Және дардай қылып қашанғы жетелеп жүресің күйеуіңді. Сондайда тысқа: «Апатай, сіз жүріңізші, мына Сәпен көнбей тұр!» деп анамды ертіп шығатын. О кісі де қызық: «Ә, жарайды, жүре ғой!» деп бірге еріп бара жатады.

Жастайынан киноға түсіп, кілең махаббат ғазалдарын жазуға машықтанған Бәкір ағамызбен біз де кезінде талай ұшырасқанбыз, аққұба жүзінен нұр төгілген, өте сымбатты, көркі адам еді. Мұндай кісінің маңайына қыз-қырқынның да үйір келетіні түсінікті. Апайымыз күйеуін қызғанбады ма екен ондайлардан?

– Ойбой, несін айтасың! Талай қыз-келіншектен небір хаттар да келіп жататын еді. Бірақ имандай шыным, ешкімнен қызғанбауға дағдыландым. Өзі де әу бастан-ақ: «Мен саған адалмын. Сені еш уақытта алдамаймын. Маған сен. Анау-мынау қаңқу сөзге қарама!» деп ескерткен. Сендім. Жастайымнан етегінен ұстағанмын. Сенбей қайтем. Не айтса да, заң деп қабылдадым. Сондықтан шығар, өте тату тұрдық.

Сүйткен адамның жас келіншектерге, оның ішінде ақын-жазушылардың әйелдеріне беретін ақыл-кеңесі қандай екен?

– Жолдасын беталды қызғанбасын. Анау өленді – анаған, мынау әнді мынаған арнадың деп кейбір әйелдердің дау-дамай, ұрыс-керіс шығаруға бейім тұруы мүмкін. Ондайдан аулақ болған дұрыс. Менің анам: «Ер адамның еркімен жүргені жөн. Ер-азаматын қадірлей алмаған әйелде қасиет болмайды. Ақымақтық жасап, күйеуінің сағын сындырған әйел күні ертең-ақ бармақ шайнайды» деп отыратын. Сондықтан, қашанда ерімнің ыңғайымен жүруге тырыстым. Қарсы келіп, ер адамның жұмысына бөгет жасамау керек. Сонда ғана ісі оңға басады. Жастарға да осыны айтамын.

Жан дүниесін терең ұғынған жан-жарына ақын да өле-өлгенше риза болып өткен сияқты:

– Бәкір де маған: «Саған ырзамын. Ешқашан қолымды қаққан жоқсың. Өз ерік қалауыммен жүріп-тұрдым. Сен берген еркіндіктің арқасында талай атақ-дәрежеге жеттім. Көп жаса. Балалардың қызығын көр!» деп толқып отырушы еді марқұм бейшара. Қазір:

– Таңым-ау, мені сағынсаң,
толқынға көз сал ұрынған.
Жүгірген толқын жүрегім –
алдыңа келіп жығылған, –

дегендей әндерді естіген сайын көңілім алабұртып, көз жасыма ерік беремін...

Бәкеңнің музыкаға бейімдік қасиеті немересі Әлияға дарыған көрінеді. Енді осы құлынымынан көп үміт күтемін, – дейді Сапаргүл апай.

Бәкір ағамыз өз ісінің қас шебері болғанымен де күйкі тіршіліктің әділетсіздігімен бетпе-бет келгенде дәрменсіз күй кешіп, қатты күйзелген. Міне, өнер үшін жаралған осындай аяулы адамды да жәбірлеп, жанын жаралаған қараулар кездесіп бағыпты. Дегенмен, өмірдің заңы солай. Тартыссыз тіршілік жоқ. Тек, аяқтан шалып жолын бөгеген сұмдармен арпалыса жүріп, соңына өшпес із қалдырған Бәкірдей дарындарды ойлағанда сәл қабаржып қаласың. Көңілді мұң тербейді.

Құлтөлеу МҰҚАШ

*СӨЗСЫРҒА

НАМАЗДАН ҚАЛДЫРҒАН ӘН

Өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдары «Ақбұлақ» әнінің кең тарағаны соншалықты, халық арасында осы шығарма төңірегінде небір аңыз өрбігенін білеміз. Белгілі жазушы Қалмұқан Исабаев алпыс жасқа толып, өзінің туған жері Баянауылға осы әннің авторы Бәкір Тәжібаевты серік етіп барады. Жазушымен сәлемдесуге келген ақсақалдар қауқылдасып біраз отырған соң:

– Қой, ойбай, бесін намазы келіп қалыпты, – деп асығыс жөнелсе керек. Бірақ іле-шала: – Әй, мына жігіт әлгі «Ақбұлақты» шығарған азамат дейді ғой! Рас па? – деп топырлап қайта жиналады.

– Иә, сол дөкейдің дәл өзі! Бәкір Тәжібаев деген мықтыларыңыз осы жігіт!

– Ойбай-ау, онда неге отырсың! Кәне, шырқап жібер! Өз аузыңнан естіп құмардан бір шығайық!

Күтпеген қошаметтен қанаттанған Бәкір де қызына түсіп, домбырасын бебеулетіп, аспан астын бірталайға дейін дүбірлетеді. Со жолы жарты ауыл жиылып, әнді қайта-қайта айтқызамыз деп, бесін былай тұрсын, екінті намаз да қаза болған екен.

ТІРШІЛІК ЖҚ 11
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Мерейтой

БАР ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН

Қазіргі кезде елімізде талай көрнекті ғалымдар мен парасатты тұлғалар бар. Солардың бірі – Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиевті айтуға болады. Жақында ол 70 жасқа келеді. Ол Қазақстан тарихының, әсіресе сталиндік кезеңіндегі тарих пен әлеуметтік-саяси ғылымдарының жете зерттелмеген проблемаларын зерттеген ғалым.



Сталиндік зобалаң шағын ұлттардың санасын өзінің лайсаң идеологиялық толқындарымен ұдайы тұншықтырып ұстағаны белгілі. Осындай қатыгез тағдыр тәлкегіне Қазақстандағы Алаш қозғалысы да ұшырады. Соңғы екі ғасырда қазақ тарихындағы ең маңызды қоғамдық ой-сана қозғалысы, тәуелсіздік қозғалысы, ұлт-азаттық қозғалысы, оның ең жоғары деңгейдегі көрінісі – Алаш идеясы мен Алаш қозғалысы екенін Мәмбет Қойгелдиев бүге-шігесіне дейін талдап-талқылап, дәлелдеп берді. Ғалымның бұл жасампаз, құнды еңбектері ешуақытта ескірмейді, ұлтпен бірге, Алашпен бірге мәңгі жасай береді. Алаш қозғалысының тарихы қызықты да күрделі тарих. Олар бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін күрескен, алмағайып аласапыран заманда бар қайрат-жігерін, ақыл-ойын, амал-айласын Алаш баласының азаттыққа қол жеткізуіне арнаған, осы жолда «арыстанша» айға шауып мертіккен», бірақ азаттықтың ақ жолын алғаш салып кеткен әруақты аталарымыз еді. Міне, осындай Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту үшін жүргізген күресі, жалпы, қазақ ұлт-азаттық қозғалысы тарихы туралы өзекті мәселелер тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Мәмбет Қойгелдиевтің негізгі зерттеу объектісіне айналды. Ол осы бағытта өз ғылыми мектебін қалыптастырды. Ғалымның осы күрделі тақырыпқа баруы үлкен батылдықты, тапқырлықты қажет етті. Себебі әлі де Қазақстанның тәуелсіздікке сенімді бола алмай отырған, күмәншілдік тұманы толық сейілмеген, сондықтан да тарихшыларымыз өткенге жалтақтап, болашаққа күдіктене көз тастап отырған кезеңде Мәмбет Қойгелдиев осылайша Алаш қозғалысының мәні мен саяси құрылымын жаңа, тапсыз және ұлттық концепция бағдарына сәйкес батыл анықтап берген еді. Сонымен бірге ғалым Алаш қозғалысының ішкі саяси динамикасына үңілуімен шектелмей, осы қозғалыстың көш басшылары, ұйтқылар – қазақ интеллигенциясына жаңаша баға беруге ден қойған еді. «Осы уақытқа дейін жарық көрген еңбектерде, – деген ғалым бір сұхбатында, оларға *(Алаш қозғалысының көшбасшыларына)* «буржуазиялық ұлтшылдар», «буржуазиялық либералдар», «қазақ ұлтшылдары» тағы сол сияқты анықтама бергенін білеміз... Алаш интеллигенциясы капиталистік қоғам құруды немесе таза ұлттық мемлекет орнатуды өздеріне бағдарламалық мұра етіп қойған емес. Олар негізінен, екі мақсатты көздеді. Бірі – қазақ елін отарлық езгіден азат ету, екіншісі – қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен, өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу... Сондықтан да біз алаштық интеллигенцияны ұлттық-демократиялық интеллигенция деп атауға толық негізіміз бар» – деп айтқан. Ғалымның бұл пікірлерінің өмір шындығымен үндесіп жатқанын бүгінгі болмысымыз дәлелдеп отыр.

Кезінде Мәмбет Құлжабайұлы ҰҚК-нің мұрағаттарымен жұмыс істеп, репрессияға байланысты іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, әлі де шындық айтылмаған, қоғамға жетпеген тұстардың көп екенін анықтап, халыққа ойын ашық жеткізді. Оның бәрін жарыққа шығаруға әлі де дайын емес екенімізді қынжыла айтып, тас бөгесінді қақырата бұзуға барынша қайрат көрсетіп жүргенін көзі қарақты жандар жақсы біледі. «Тарихи шындықты білген халық – ол алғыр, мықты халық. Ол өзіне-өзі сенімді халық. Ал тарихи шындықты білмеген халық жалтақ әрі қорқақ болады. Біз халқымызды білімді, интеллектуалды, ақылды, өз мүддесін қорғай алатын халық тұрғысынан көргіміз келсе, оған тарихи шындықты білуге және меңгеруге әрі өз қажетіне жаратуға қолдау көрсетуіміз қажет» деуден танбай келе жатқан табанды тұлға.

Профессор М.Қойгелдиев – ұлттық идеологияны қалыптастыруда ұлтқа қызмет етудің үлгісін көрсетіп жүрген абзал ғалым. Ұлттық идеологияны қалыптастырудың бірден-бір жолы ретінде өткен тарихымызды, шынбайы тарихымызды, оның ішінде Алаш мұрасын танытуға, осылайша, Қазақстанның шынайы тарихын жазуға үлкен күш жұмсап келеді.

Мәмбет Құлжабайұлы еліміздегі білім жүйесінде қырық жылдан астам уақыт абыройлы қызмет жасап, жұмысында ұстаздық және ғылымдық міндеттерді үйлесімді ала жүріп, тарихшы мамандар даярлау ісіне өз үлесін қосып келе жатқан ғалым. Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университеті тарих факультетінің түлегі М.Қойгелдиев 1971 жылдан бергі уақытта еліміздің жоғары оқу орындарында ұстаздық қызметін, ғылыми-зерттеу жұмысымен ұштастыра алып келеді. Оның еңбек сатыларын атасақ, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ҚР жоғары орындары оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтының директоры, содан кейін ҚР БҒМ Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, қазіргі уақытта Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультетінің кафедра меңгерушісі. 1978 жылы ғылым кандидаты, ал 1994 жылы ғылым докторы дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысты қорғаған. 2013 жылдан Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі.

Иә, Мәмбет Құлжабайұлы, шын мағынасында қазақ оқығандарының жаңа буын өкілі. Ол айналасындағыларға, әсіресе кейінгі жастарға шексіз қамқор ықылас-ниетін сыйлаумен ерекшеленеді. Сөйлеген сөзінен, үлкенге құрметінен ұлтымызға тән қарапайымдылық, нағыз зиялылық лебі есіп тұрғандай.

Профессор Мәмбет Қойгелдиевтің ғылым саласындағы белсенді қызметі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік жылдарына тұс келді. Бұл кез қазақ халқының шығу және қалыптасу тарихы мәселелері төңірегінде айтыс- тартыстар туғызып, ғылыми негізі берік емес, біржақты тарихи болжамдарға жол ашқан еді.

Бүгінгі күні жазылып жатқан тарих біріншіден, ұзақ уақыт қалыптасқан еуроцентристік қате тұжырымдардан әлі күнге дейін бас тарта алмай отырса, екіншіден, әр дәуірге қатысты тарихымызға қатысты деректердің жеткіліксіздігінен әртүрлі үстірт, публицистикалық сипаттағы болжамдар мен тұжырымдарға мүмкіндік берілді. Міне, жоғарыда атап өткеніміздей, осындай тарих ғылымындағы аласапыран кезінде жас ғалым Мәмбет Қойгелдиевтің Алаш қозғалысы туралы тақырыпты өзінің ғылыми-зерттеу объектісіне айналдырып, осы бағытта өз мектебін қалыптастыруы үлкен ерлік еді.

Ғалымның тағы бір сұхбатында «біз жалған тарихтан бас тартуымыз керек дейді. Кезінде кеңестік, мәскеулік орталықтың басқаруымен, соның бағыттауымен тарих ғылымына жасалған концепция, тұжырымдар бар. Осы тұжырымдар күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. Ресей тарихшылары қазір осы тұжырымдардың бәрін болмаса да негізгілерін қалдырғысы келеді. Ондай тарихшылар тек Ресейде ғана емес, бізде де бар. Менің түсінігім бойынша, статус кво өзгеруі, одан тарих ғылымы бас тартуы керек. Бізде тәуелсіз мемлекет, ел, ұлт ретінде өзіміздің санамыздың, ақыл-ойымыздың елегінен, соның сарабынан өткен, өзінің методологиясы, ұстанымы, өзінің зерттеу әдісі бар тарих ғылымы болуы қажет. Бізде қорытылған тарих болуы тиіс. Ол қорытылған тарих жай айтылып қана қоймай, тарих оқулықтарына кіруі ләзім. Жаңа қорытылған тарихты, жаңа ұстаным тұрғысынан айтылған тарихты оқулық арқылы жас ұрпақтың санасына кіргізуіміз керек. Ұлттық тарихымызға байланысты жаңа ұстанымдар, жаңа тұжырымдар жас ұрпақтың санасына орнығуы қажет... Алаш қозғалысы ұлттық тұтастықты, ұлттық бірегейлікті сақтау үшін жүргізген күрес екенін жүйелі түрде біз тарих оқулықтарына енгізіп, жас ұрпақтың ақыл-ойына, санасына сіңіруіміз керек» – деген.

Мәмбет Құлжабайұлының ғылыми ізденістерінің нәтижесінде «Алаш қозалысы» *(1 кітап, 1995)*, «Ұлттық саяси элита» (2004), «Жетісудағы Ресей билігі» *(2004)*, *«Сталинизм и репрессии в Казахстане в 1920-1940 гг.) (2009)* және «Казахстан в Российских революциях 1917 года» *(авторлық бірлікте, 2011)* атты монографиялық еңбектері, бұлардан ертерек жарық көрген «Қадырғали Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» *(авторлық бірлікте, 1992)* және «Тарих тағлымы не дейді?» *(авторлық бірлікте, 1993)* атты кітаптары ғалымның отандық тарихнамаға қосқан үлесі болып табылады. Сондай-ақ Мәмбет Құлжабайұлы гуманитарлық ғылымда тарих саласы бойынша аса қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға ерекше ден қойып, олқылықтың орнын толтыруға күш салды. Ол жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы авторларының бірі (2010), 2011 баспадан шыққан 11-сынып оқушыларына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы авторлар тобының жетекшісі. Ол республикалық мектеп оқушыларының білімін жетілдіру институтында тұрақты дәріс оқитын ұстаз, 1995-1999 жж. еліміздің жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтын басқарды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің және Семей қаржы-экономикалық институтының құрметті профессоры. 2010 жылы «2010жылғы ЖОО үздік оқытушысы» атанды. Қазақстанның білім және ғылым жүйелеріне сіңірген ерен еңбегі, білім берумен өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі зор жетістіктері үшін «Парасат» орденімен марапатталды.

Мәмбет Құлжабайұлының көп жылғы ғылыми-педагогикалық жұмысы барысында қоғамдық өмірге де, халықаралық ғылыми бағдарламаларға да белсене араласты. Оның бастамасымен 2004 жылы қоғамдық негізде үкіметтік емес ұйым «Қазақстан тарихшылары қауымдастығы» құрылып, құрылтай жиналысында төраға болып сайланды. Қауымдастық 2007 жылы қыркүйекте Пекин қаласында өткен тарих ғылымының Халықаралық комитетінің Бас Ассамблеясының мәжілісінде осы ұйымға мүшелікке қабылданды. Бұл еліміздің тарихшы – ғалымдарының халықаралық кеңістікке шығуына мүмкіндік туғызатын жағдай болып табылады. Қауымдастықтың белсенді араласуымен елімізде республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, оқытушылардың білімін жетілдіру курстары және басқа да шаралар өткізілуде.

Қазақстан тарихшылары қауымдастығының төрағасы ретінде Мәмбет Құлжабайұлы Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданы Қошқарата ауылында «Мәдени мұра: халықтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары» (2005, 26-27 мамыр), Петропавл қаласында «Солтүстік Қазақстан: өңір тарихы, тұлғалар тағдыры» (2010, 4 маусым) және басқа осы сияқты тақырыптарға еліміздің түрлі аймақтарында ғылыми конференциялар өткізу туралы ұсыныс түсіріп, оларды өткізуге жетекшілік жасады. Мақсат – тарих ғылымының соңғы жетістіктерін қалың халық ортасына жеткізу еді. Қоғамда мемлекетшілдік ұстаным және жаңа тарихи сана қалыптастыру мақсатын көздеген осындай ғылыми жиындар Астана, Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында, Алматы облысының Жамбыл, Көксу, Ескелді және Панфилов (Жаркент) аудандарында өткізілді.

Профессор М.Қойгелдиев Иран Ислам Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Жапония, Ресей Федерациясы, Түркмен және Қырғызстанда өткізілген халықаралық ғылыми жиындарда Қазақстан тарихшылары атынан баяндамалар жасады. Оның ғылыми еңбектері Ресейде, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Түркияда және басқа елдерде жарық көрген.

Тарихшы-ғалым ғылыми және қоғамдық белсенді қызметі үшін Халықаралық Сократ сыйлығымен (2007), Американдық биография институтының Алтын медалімен (2009), «Халықаралық мәдениет конвенциясы» ұйымының «Халықаралық Бейбітшілік сыйлығымен» (2010) марапатталған, Вена қаласының халықаралық университеті оған өзінің құрметті профессоры атағын (2007) берген.

М.Қ.Қойгелдиев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының Қоғамдық мүшесі. Бағдарламаның «Тарих және этнография» секциясының төрағасы ретінде «История Казахстана в русских источниках», «История Казахстана в западных источниках», «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» және «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» атты көптомдық сериялық басылымдарды даярлау ісіне жетекшілік жасады. Оның ұсынысы және жетекшілігімен 5 кітаптан тұратын «Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы» (2004-2008) және 12 томдық «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» (2007-2008) қазақ және орыс тілдерінде, «Красный террор: из истории политических репрессии в Казахстане» құжаттық материалдар жинағы (2013) баспадан шықты.

Профессор М.Қ.Қойгелдиев қоғамның тарихи танымның өзгеруіне, сондай-ақ елімізде мемлекетшілдік және патриоттық сана қалыптастыру ісіне белсене атсалысып жүрген ғалым. Ол сценарий авторы, ғылыми кеңесші және түсінік беруші ғалым ретінде «Әлихан және Мұстафа» (1998. Хабар), «Алаш»(2007, реж. Х.Омаров), «Бірінші» (2007, реж. Қ.Олжай), «Мұстафа Шоқай ізімен» (2011, реж. Қ.Бегманов), «Кенесары хан» (2011, реж.М.Конуров), «Асықпаған ақиқат» (2011, реж. Б.Әбіш) және көптеген деректі фильмдерді даярлауға қатысты. Отан тарихының өзекті мәселелеріне арналған оның мақалалары БАҚ-да үнемі жарияланып тұрады.

Танымал тарихшы ретінде М.Қ.Қойгелдиев мемлекеттік органдардың жұмыстарына да белсене араласады. Ол 1991 және 1998 жж. ҚР Парламенті жанынан құрылған комиссиялардың мүшесі ретінде ҚазОАК мен ҚАКСР ХКК-нің 1920-30 жж. бай қожалықтарын тәркілеуге және қазақ қожалықтарын отырықшыландыруға байланысты қаулыларын қайта қарау, сондай-ақ саяси репрессия құрбандарын ақтауға байланысты маңызды құжаттық материалдарды даярлауға белсенді түрде атсалысты. Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер бойынша Мемлекеттік комиссияның мүшесі болды.

Профессор М.Қ.Қойгелдиев 2008 жылдан бері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура институты «Қазақстан тарихы мен мәдениеті» кафедрасының жанынан «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырылды. Мақсат тарих ғылымындағы «Жаңа әлеуметтік тарих» аталатын бағытты өрістету арқылы зерттеудің тың технологиялық әдіс-құралдарына жол ашу. Орталық кафедра оқытушыларының, докторант және магистранттардың қатысуымен Алматы облысының Көксу, Ескелді, Панфилов және Жамбыл аудандарында, Алматы қаласының Алатау ауданында экспедиция шығарып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде «Қазақстан қоғамының әлеуметтік тарихы» (XX ғ.). Тарих айту дәстүрі. 1-шығарылым: Алматы облысының Көксу, Ескелді және Панфилов аудандары тұрғындарының жадында сақталған тарихтан «ауызша тарих). – Алматы, 2012».

М.Қ.Қойгелдиевтің құнды ғылыми еңбектері жаңа тарихи көзқарасты қамтамасыз ету бойынша ірі ғылыми бағыттың қалыптасуына негіз қалағанын айту керекпіз. Оның ғылыми жетекшілігішімен 31 кандидаттық, 5 докторлық және 2 магистрант магистрлік диссертациялар қорғалған.

Қорыта келе айтарымыз, ғылым докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Мәмбет Құлжабайұлының тұлғалық болмысы мен адамгершілік бітімін аңғартар біздің әңгімемізге арқау болған тоғысар тұсы – тарих екені даусыз.Тарих әлеміне қызмет етуді өзіне бақыт санайтын осындай ойы терең, жаны бай жақсы адаммен қатар жүрудің өзі ғанибет қой.

Мәмбет Құлжабайұлын 70 жас мерей тойымен құттықтаймыз. Әлі де қажымай-талмай халқына, еліне, ғылымға қызмет ете беруіңізге тілектеспіз.

Раушанбек ӘБСАТТАРОВ,
философия ғылымдарының докторы, профессор;
Әміржан ШАЛТЫҚОВ,
саяси ғылымдарының докторы, профессор

МАРАПАТ

Ректор ISESCO сыйлығының иегері

ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ISESCO СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ АТАНДЫ.

Білім беру, ғылым мен мәдениет бойынша Ислам ұйымының халықаралық сыйлығы (ISESCO) ұйымға мүше мемлекеттердің ғалымдарына биология, химия, геология, математика, физика және ғылыми технологиялар саласына сіңірген ғылыми-инновациялық еңбегі үшін екі жылда бір рет тағайындалады. Сыйлықтың құрамына сертификат, алтын медаль мен ақшалай сыйақы кіреді.

Биыл математикалық модельдеу мен техникалық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқаруда сіңірген ерен еңбегі үшін беделді марапатқа қазақстандық ғалым, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов ие болды. Аталған марапат Ғ.Мұтановтың ғылыми қызметінің халықаралық дәрежеде екенінің дәлелі.

ISESCO «Исламдық конференция» ұйымымен 1979 жылы құрылған болатын. Бүгінде ол әлемнің 50-ден аса мемлекетінің басын біріктіріп отыр. Халықаралық ұйымның қызметі мұсылман мемлекеттеріндегі мәдениеттің, ғылым мен білімнің дамуына жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған.

КӨРМЕ

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай облыстық тарихи-өлкетану мұражайында мемлекет басшысы Н.Назарбаевқа табыс етілген дипломатиялық кәдесыйлар топтамасынан құралған көрменің ашылу салтанаты болды.

«Уақыт құдіреті»

Алғаш рет облыс тұрғындарына мұражай қорындағы сағат топтамасы ұсынылған көрмені алғаш болып, Ақтау қаласының әкімі Серікбай Трұмов, облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Пәния Сармурзина тамашалады. Топтаманың негізін Н.Ә.Назарбаевқа әр жылдарда Қазақстан халқына, оның Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысына деген айрықша құрметтің белгісі ретінде табыс етілген дипломатиялық сыйлықтар құрайды. Көрмені шын мәнінде, бірегей деп айтуға болады. Өйткені, экспозицияда сағат өнерінің биік шыңына жеткен әртүрлі және сирек кездесетін 50 туынды ұсынылған. Мәселен, қол және қалта сағаты, үстел және қабырға, еден және камин сағаты бар.

Бағалы металдан жасалған сағатты Иран Ислам Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлына сыйға беріпті. Сондай-ақ көрме жәдігерлері арасында белгілі композитор Нұрғиса Тілендиевтің де қол сағаты бар. Оны Елбасыға композитордың жары Дариға Тілендиева тарту етіпті. Көпшіліктің көңілін жаулаған көрмеде сирек әрі бірегей туындылар қойылған. Жәдігерлердің арасында сыйға берушілердің арнайы тапсырмасымен жасалған түрлі механикалық, кварцты және электронды, 3000 жылдарға есептелген күнтізбелі және басқа да көптеген сағаттар айрықша көзге түседі.

Тұңғыш Президенті мұражайы директорының орынбасары Күләш Ақтаева «Ата-бабамыз аңсап жеткен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында Алматы облысынан бастау алған осындай ерекше Маңғыстауға әкелдік. Мұнда Елбасының жеке заттарынан бастап, қызмет барысында табыс етілген сыйлықтары бар. Мұражай қызметкерлерінің жұмысының нәтижесінде осындай сағаттар топтамасын зерттеу, көпшілікке насихаттау үшін біраз жұмыс атқарылды. Сол жұмыстың нәтижесін көрсетіп жатырмыз. Маңғыстау облысының тұрғындары мен қонақтарын таңғажайып көрмені тамашалауға шақырамыз», – деді.

Сағат адамның күнделікті өмірінде ерекше орын алады. Алғашқы сағаттың пайда болуының бірнеше мың жылдық тарихы бар. Уақытты өлшейтін алғашқы қарапайым құрал – күн сағаттарын шамамен 3,5 мың жыл бұрын вавилондықтар ойлап тапқан. Алайда бұл сағат тек күндізгі уақытта ғана жұмыс істегендіктен, түнгі уақытта оның орнына гректердің клепсидра атты су сағаты пайда болған. Көрменің ашылу салтанатында жергілікті өнерпаздар әннен шашу шашты.

СҰХБАТ

Дулыға АҚМОЛДА:

Алға жылжу бар

Театрда жаңа маусым басталды. Екі-үш айғы үзілістен кейін актерлер сахнамен қайта қауышып, жаңа қойылымдарды көрермен назарына ұсынуда. Осыған орай сан түрлі образды сәтті алып шығатын актер Дулыға Ақмолдамен кішігірім сұхбат құрған едік.

Жас қазақ: Әңгімемізді сіздің студенттік өміріңізден бастасақ, актерлік жолға қалай келдіңіз?

Дулыға Ақмолда: Бала күнімнен өнерге жақын болдым. Бірақ атамның қалауы бойынша, мен заң қызметкері болуым керек еді. Дегенмен 1989 жылы өнердің ордасы Т.Жүргенов атындағы театр және көркемсурет институтынан, бірақ шықтым. Хадиша Бөкеева мен Тұңғышбай Жаманқұловтың тобында тәлім алдым. Төртінші курстан бастап М.Әуезов театрына келіп, тәжірибеден өтіп жүрдім. Сол кезде қазақ театрын үлкен деңгейге көтерген Әзірбайжан Мәмбетовтің алдынан өтіп, бір жыл сынақтан өтуге мүмкіндік берді. Содан бері осы қара шаңырақта қызмет етіп келемін. 23 жылдан бері қара шаңырақтың сахнасында өнер көрсетіп келеміз. Менімен Ерлан Біләлов, Асылбек Боранбаев, Шынар Асқарова, Дәрия Жүсіп, Гүлшат Тұтова қатар бітірді. Алтауымыз әлі күнге жұбымыз жазылмай осы киелі шаңырақта қызмет етіп келеміз.

Жас қазақ: 90-жылғы театр мен бүгінгі театрға қандай баға бересіз? Театрдың бағыты өзгерді ме?

Дулыға Ақмолда: Театр дегеніміз – жаңашыл өмір. 90-жылдан бері алып қарасақ, жиырма бес жылдан астам уақыт өтіпті. Одан бері театр неше құбылды, неше түледі. Әрине, сол кездегі деңгейге жетпей қалған қойылымдар бар. Ал керісінше, қазір сол кездегі деңгейден жоғары қойылған туындылар жетерлік. 90-жылдар театр үшін ең қиын кезең болды. Заманның да алмағайып кезеңі, қайта құру, егемендік алу жылдары болатын. Халық есін енді жиып жатқан шағында театрдан біраз алыстады. Тіпті сол кездері әріптестерім жұмысын тастап, театрдан кетіп жатты. Шын мәнінде, ол уақытта актердің айлығына өмір сүру қиын болатын. Сахнада қойылымда 30 адам жүрсе, театр залында үш-ақ адам отырып, тамашалаған кезеңді бастан өткердік. Театр – рухани орда. Ал рухани мәдениет еш уақытта маңызын жоймайды. Сондықтан да театр өз жұмысын жаңа бір белеске жеткізу үшін аянбай еңбек ете бастады. Қазіргі таңда үлкен өзгеріс бар. Өйткені, заманына қарай адамы, көрермені де өзгерді.

Менің ойымша, 1997 жылдан, яғни режиссер Қайрат Сүгірбековтің тұсынан бастап, театр тәжірибеге бара бастады. Бірақ сол кездегі қойылымды түсінуге көрерменнің деңгейі жетпеді. Ал қазір біз қойып жүрген қойылымдар халықаралық деңгейдегі байқауларға қатысып жүр. Сол сияқты «Шолпанның күнәсі», «Бес бойдаққа бір той», «Ревизор», «Ғасырдан да ұзақ түн» т.б қойылымдар театрдың деңгейін биікке көтерген болатын. Қазір де алға қарай жылжу бар. Театр үнемі жаңарып отыру керек.

Жас қазақ: Қазіргі қазақ жастарынан не күтесіз? Олардың бойынан қандай игілікті көргіңіз келеді?

Дулыға Ақмолда: Жастар қауымы қай заманда болмасын ешкімге ұнамаған. Олар жалындап тұрғандықтан, қатерге көп барады. Эмоцияға тез берілгіш келеді. Әсіресе, қазақ жастары эмоция жағына келгенде абай болса екен деймін. Дегенмен қазіргі таңда олар өте сауатты. Қай жағынан болса өзін «мен» деп көрсете алады.

Жас қазақ: Театр мен киноны қатар алып жүру қаншалықты қолыңыздан келіп жүр?

Дулыға Ақмолда: Актер жан-жақты, үнемі ізденісте болу керек. Уақыт таба білсең, бірнеше саланы алып жүре аласың. Актердің негізгі мақсаты – көрерменмен тығыз байланыс орната білу. Сахнада ең бастысы, ой айтылу керек. Ал қазір бізде жалаң сөз айтылып жататын сәттер де кездеседі. Әрине, ол көрерменнің жүрегіне жетпейді. Сол жағын актер ескерсе деймін. Өнер адамы болған соң үнемі ізденіп, жазушы-ақындармен, драматургтермен байланыста жүру қажет.

Сұхбаттасқан Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Директор – Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Серік ЖОЛДАСБАЙ Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ – *қоғам және әлеумет*
Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *өнер және руханият*
Руслан ДОСТАЕВ – *арнаулы тілші*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*
Мехмет СЕМЕРЖИ – *фототілші*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынаргүл ОҢАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2115;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.